# Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2025 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

*Тапсырыс беруші: Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі*

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ**
**Астана 2025**

**1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:**

Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ *(бұдан әрі - Оператор)* интернет-ресурсында 2025 жылы «6» наурызда 2025 жылға үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурс жарияланды.

Хабарламаны келесі сілтемелер бойынша көре аласыз:

https://cisc.kz/ru/konkurs-grantov-po-zakazu-otdela-vnutrennej-politiki-akimata-goroda-taraz/

https://cisc.kz/taraz-qalasy-aekimdigining-ishki-sayasat-boelimi-tapsyrysy-bojynsha-granttar-konkwrsy/

https://www.instagram.com/p/DG2lAQstlEP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==;

https://www.instagram.com/p/DG2lZD1NSsv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты 2025 жылдың «6» наурыз бен «2» сәуір аралығында жүзеге асырылды.

**2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:**

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 3 басым бағыт бойынша 3 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

| № | Басым бағыт | Грант саны | Грант сомасы |
|---|---|---|---|
| **1** | Тараз қаласының үкіметтік емес ұйымдарының қызметін ұйымдастыру, дамыту және нығайту | 1 | 4 500 000 |
| **2** | Этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған кешенді іс-шараларды ұйымдастыру | 1 | 6 000 000 |
| **3** | Отбасы институтын нығайтуға бағытталған кешенді іс-шаралар өткізу | 1 | 5 500 000 |

**3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:**

Өткізілген конкурстардың нәтижесі бойынша 3 грант бойынша 3 ҮЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

| № | Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың басым бағыты | Грант түрі | Ұйым атауы | Шартты ң нөмірі мен күні |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Азаматтық қоғамның дамуына, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу | Тараз қаласының үкіметтік емес ұйымдарының қызметін ұйымдастыру, дамыту және нығайту | қысқа мерзімді | «Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі | 13.05.2025 ж. №37 |
| 2 | Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту | Этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған кешенді іс-шараларды ұйымдастыру | | Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық | 06.05.2025 №33 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бірлестігі | |
| 3 | Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу | Отбасы институтын нығайтуға бағытталған кешенді іс-шаралар өткізу | | «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі | 08.05.2025 №36 |

**4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:**

2025 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Азаматтық қоғамның дамуына, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу» саласы бойынша 1 жобаны, «Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту» саласы бойынша 1 жобаны, «Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу» саласы бойынша 1 жобаны іске асырды.

**5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Басқарма 16 000 000 теңгені құрайтын 3 гранттық жоба ұсынды.

**6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

**7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):**

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

| № | Грант алуышының атауы | Жобаның атауы | Ұйымның атауы | Басшының ТАӘ | Байланыс деректері | Заңды мекенжайы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі | Тараз - азаматтық орталық | TURANINFO.KZ ақпарат агенттігі | Арайлы Жақсылық | 87075500470 | Тараз қ., К.Әзірбаев көшесі, 3 |
| 2 | Жамбыл | «Бірлігі жарасқан» | «САНАЛЫ | Арайлым | 87022527021 | Астана қаласы, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі | | ҚОҒАМ» қоғамдық қоры | АБДУАЛИЕВ А | | Есіл ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 57 |
| | | | Жамбыл облыстық «Ауыл жастары» жастар қанаты | Төлеби САҒАДИНОВ | 87079493667 | Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Ш.Мұртаза көшесі, 108 |
| | | | Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі «Тараз жастар орталығы» КММ | Тұрлыхан КАМАЛ | 87478403194 | Жамбыл облысы, Тараз қаласы, ЖЕЛТОКСАН көшесі, 28 |
| | | | «Жайдарман» Жастар КВН лигасы» жастар қоғамдық бірлестігі | Серік ҚОШҚАРОВ | 87472040814 | Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қарахан көшесі, 5 |
| | | | «Тараз» студенттік Альянсы» Корпоративтік қоры | Дархан БАЙПАҚ | 87076812976 | Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Көшек батыр көшесі, 3 |
| | | | «Жамбыл облысы Жастар мәслихаты» жастар қоғамдық бірлестігі | Азамат НӘМЕЛБЕК | 87007282660 | Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Салтана мөлтек ауданы, 1 |
| 3 | «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі | Отбасы құндылықтары: берік неке, жарқын болашақ | Тараз қалалық “Жастар ресурстық орталығы” КММ | Камал Тұрлыхан Әлиханұлы | 8 747 840 3194 | Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан 28 |
| | | | Тараз қалалық “Отбасын қолдау орталығы” КММ | Қадыр Арайлым | 8 708 832 69 20 | Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Әйтеке би 66 |

**8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):**

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

**9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

**10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер**

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

**11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:**

Қарастырылған гранттық бастамалар барлық бағыттар бойынша жоспарланған көлемде сәтті іске асырылып, айқын әлеуметтік әсер көрсетті. Іс-шараларды ұйымдастырудың жоғары сапасы мен қатысушылардың белсенділігі жоба мақсаттарына толық қол жеткізілгенін растайды. Алынған кері байланыс бойынша қатысушылардың басым көпшілігі өткізілген шараларды пайдалы және сапалы деп бағалады, бұл жобалардың тақырыптық өзектілігі мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.

Жобаларды одан әрі жетілдіруге арналған негізгі ұсынымдар ретінде тұрақты мониторинг жүйесін енгізу, нәтижелерді тереңірек талдау, сондай-ақ онлайн-форматтағы іс-шаралар санын көбейту арқылы аудиторияны кеңейтуді ұсынуға болады. Серіктестік желілерін нығайту және әдістемелік материалдарды алмасу жоба тәжірибесін тұрақты дамытуға мүмкіндк береді. Соңында, жоба нәтижелерін кеңінен насихаттау және оларды бөлісу — болашақтағы ұқсас бастамалардың тиімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады.

**12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдің бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.**

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

**Басқарма Төрағасының м.а.** **Каримова А.Е.**

**Бас бухгалтер** **Ибраева Ш.З.**

**1. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

**1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:** «Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі

**2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):** Дастан Исламбек Дастанұлы

**3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:** Жамбыл облысы, Тараз қаласы, «Салтанат» м/а 1, 87011209069

**4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:** Тараз қаласының үкіметтік емес ұйымдарының қызметін ұйымдастыру, дамыту және нығайту, «Тараз - азаматтық орталық» жобасы

**5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету)**: 13 мамыр - 30 қараша аралығы

**6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:** 4 500 000 (төрт миллион бес жүз мың) теңге

**2. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

**1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:** Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі.

**2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):** Бекмырза Айдана Ғалымқызы.

**3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:** Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Көшек батыр көшесі, 3 үй., 8708781091.

**4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:** «Бірлігі жарасқан», Этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған кешенді іс-шараларды ұйымдастыру.

**5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі (басталу жылы мен айын/аяқталу жылы мен айын көрсету):** 2025 жылдың мамыр-қараша аралығы.

**6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:** 6 000 000 (алты миллион) теңге.

**3. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

**1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:** «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі;

**2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде):** Разакова Айгуль Ашимовна;

**3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны:** Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Төле би көшесі, 106 үй;

**4. Грантты іске асыру (сала) шеңберінде әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:** «Отбасы құндылықтары: берік неке, жарқын болашақ» жобасы, «Отбасы институтын нығайтуға бағытталған кешенді іс-шаралар өткізу» басым бағыты;

**5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:**

2025 жылғы 8 мамыр – 2025 жылғы 31 қазан аралығы

**6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**

5 500 000 (бес миллион бес жүз мың) теңге

*Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың өз қызметінің нәтижелері туралы есепке 2-қосымша*

**Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер**

**Грант алушы:** Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі

**Басым бағыттың атауы:** Этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған кешенді іс-шараларды ұйымдастыру

**1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат** (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

**1-міндет. «Этносаралық диалогты ұйымдастыру».**

**1 іс-шара.** Әлеуметтік практикаға толерантты сана көзқарастарын енгізуге бағытталған (кәсіби лекторларды тарта отырып) «Толеранттылық – бейбітшілік пен келісімге жол» тақырыбында 10 дәріс ұйымдастыру және өткізу.

2025 жылғы 22 мамыр күні, сағат 9:00-де, Тараз сервис және технологиялық колледжінде Рахат Ерханұлы – «Толеранттылық дегеніміз не?», Досыбаева Валентина Николаевна – «Медиация және жастар арасындағы шиеленістердің алдын алу», Бекмырза Айдана – «Жастардың ой еркіндігі және сындарлы диалог мәдениеті» тақырыбында дәріс өткізді.

Осы орайда, 3 лектор жүргізген дәріске 32 адам қатысты.

Сонымен қатар, өткізілген іс-шара бойынша инстаграм әлеуметтік желісінде жарияланым мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DJ_Y9jPNB5G/?igsh=MWZxdnp4MXJwMnNkbA%3D%3D&img_index=1
2. https://aldaspan-info.kz/sayasat/799-taraz-servis-zh-ne-tekhnologiyaly-kolledzhinde-toleranttyly-bejbitshilik-pen-kelisimge-zhol-atty-studenttermen-kezdesu

2025 жылғы 22 мамыр күні, сағат 11:00-де, Жамбыл жоғары медицина колледжінде 38 адамның қатысуымен екінші дәріс өткізілді. Шараға үш лектор қатысып, келесі тақырыптарда баяндама жасады:

- Рахат Ерханұлы – «Толеранттылық дегеніміз не?»;
- Досыбаева Валентина Николаевна – «Медиация және жастар арасындағы шиеленістердің алдын алу»;
- Бекмырза Айдана – «Жастардың ой еркіндігі және сындарлы диалог мәдениеті».

Өткізілген іс-шара бойынша инстаграм әлеуметтік желісінде жарияланым мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DJ_ZR1HtFS3/?igsh=OXlmdGQ4bW95MDkx
2. https://aldaspan-info.kz/sayasat/798-zhambyl-zho-ary-meditsinaly-kolledzhinde-toleranttyly-bejbitshilik-pen-kelisimge-zhol-atty-studenttermen-kezdesu

2025 жылғы 22 мамыр күні, сағат 15:00-де, Жамбыл индустриалды-технологиялық колледжінде 36 адамның қатысуымен үшінші дәріс өткізілді. Шараға үш лектор қатысып, келесі тақырыптар бойынша баяндама жасады:

- Рахат Ерханұлы – «Толеранттылық дегеніміз не?»;
- Досыбаева Валентина Николаевна – «Медиация және жастар арасындағы шиеленістердің алдын алу»;
- Бекмырза Айдана – «Жастардың ой еркіндігі және сындарлы диалог мәдениеті».

Өткізілген іс-шара бойынша инстаграм әлеуметтік желісінде жарияланым мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DJ_ZMtDtLf1/?igsh=dWxzbjJraHJ4MDhy
2. https://www.instagram.com/reel/DJ_iwFENVWX/?igsh=MTNhMW41bTVzcjY2ZA%3D%3D
3. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7529771088209874232?_r=1&_t=ZM-8zHtL5Ru9Ki
4. https://aldaspan-info.kz/sayasat/797-zhambyl-industrialdy-tekhnologiyaly-kolledzhinde-toleranttyly-bejbitshilik-pen-kelisimge-zhol-atty-studenttermen-kezdesu

2025 жылғы 24 маусым күні, сағат 9:00-де, Тараз сервис және технологиялық колледжінде 42 адамның қатысуымен төртінші дәріс өткізілді. Шараға екі лектор қатысып, төмендегі тақырыптарда баяндама жасады.

- Каншимбеков Ербол Бектұрғанұлы – «Этносаралық татулық – қоғамдық келісімнің негізі»;
- Ақынтай Алмас Саятұлы – «Жастар арасындағы бірлік пен ортақ құндылықтарды нығайту».

Өткізілген іс-шара бойынша инстаграм әлеуметтік желісінде жарияланым мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DLXOhTVtE8j/?igsh=cmN4ZGZ4em1qNHg1
2. https://aldaspan-info.kz/sayasat/794-toleranttyly-bejbitshilik-pen-kelisimge-bastar-zhol

2025 жылғы 24 маусым күні, сағат 11:00-де, Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжінде 38 адамның қатысуымен бесінші дәріс өткізілді. Шараға екі лектор қатысып, келесі тақырыптарда баяндама жасады:

- Каншимбеков Ербол Бектұрғанұлы – «Этносаралық татулық – қоғамдық келісімнің негізі»;
- Ақынтай Алмас Саятұлы – «Жастар арасындағы бірлік пен ортақ құндылықтарды нығайту».

Өткізілген іс-шара бойынша инстаграм әлеуметтік желісінде жарияланым мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды.

1. https://www.instagram.com/p/DLXOnmDNT4a/?igsh=NHAydW96NHBlbTBj
2. https://aldaspan-info.kz/sayasat/795-taraz-temirzhol-k-lik-zh-ne-kommunikatsiya-kolledzhinde-toleranttyly-bejbitshilik-pen-kelisimge-bastar-zhol-atty-kezdesu

2025 жылғы 24 маусым күні, сағат 15:00-де, Жамбыл облыстық «Жасыл ел» еңбек жасағы орталығында 34 адамның қатысуымен алтыншы дәріс өткізілді. Шараға екі лектор қатысып, келесі тақырыптарда баяндама жасады:

- Каншимбеков Ербол Бектұрғанұлы – «Этносаралық татулық – қоғамдық келісімнің негізі»;
- Ақынтай Алмас Саятұлы – «Жастар арасындағы бірлік пен ортақ құндылықтарды нығайту».

Өткізілген іс-шара бойынша Instagram әлеуметтік желісінде жарияланымдар мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды:

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:
1. https://www.instagram.com/p/DLXOtUgtUSY/?igsh=MXM3YXhsMWM3eG9rZw%3D%3D
2. https://aldaspan-info.kz/sayasat/796-zhambyl-oblysty-zhasyl-el-e-bek-zhasa-y-ortaly-ynda-toleranttyly-bejbitshilik-pen-kelisimge-bastar-zhol-atty-kezdesu

2025 жылғы 18 қыркүйек күні, сағат 11:50-де, М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде 81 адамның қатысуымен жетінші дәріс өткізілді. Шараға төрт лектор қатысып, төмендегі тақырыптарда баяндама жасады:
- Мамедова Парида Иманжановна – «Бірлік пен келісімнің мәні»;
- Жұмағұлов Елдос Тәңірбергенұлы – «Толеранттылық мәдениеті – тұрақты қоғамның іргетасы»;
- Нұрадинов Мейіржан Турланұлы – «Мәдени әртүрлілік – қоғам дамуына серпін беретін күш»;
- Тоқпанова Асель Тынышбекқызы – «Әлеуметтік желілер дәуіріндегі толеранттылық пен кибермәдениет»;
- Мамедова Бахар Усейновна – «Жастардың ой еркіндігі және сындарлы пікір мәдениеті».
Өткізілген іс-шара бойынша Instagram әлеуметтік желісінде жарияланымдар мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды:
Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:
1. https://www.instagram.com/p/DOysTF3jcu_/?igsh=cWg3bnE0YW92cGkz
2. https://aldaspan-info.kz/sayasat/807-m-kh-dulati-atynda-y-taraz-universitetinde-birlik-pen-kelisimni-m-ni-ta-yrybynda-kezdesu-tti
3. https://www.instagram.com/reel/DOysVGqDUuF/?igsh=MWh5dmI4NGN6cTNoaA%3D%3D

2025 жылғы 6 қазан күні, сағат 10:00-де, Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінде 23 адамның қатысуымен сегізінші дәріс өткізілді. Шараға екі лектор қатысып, келесі тақырыптарда баяндама жасады:
- Исмаилова Замана Назимқызы – «Бірлік пен келісім: Қазақстан қоғамының тұрақтылығының ғылыми өлшемдері»;
- Шілдебаева Жазира – «Толеранттылықтың тарихи тамырлары және ұлттық дәстүрлердегі көрінісі».
Өткізілген іс-шара бойынша Instagram әлеуметтік желісінде ақпараттық пост жарияланды.
Әлеуметтік желіде жарияланған ақпараттардың сілтемесі:
1. https://www.instagram.com/p/DPhRpuFjaAJ/?igsh=MWprMG1venp1YjQ4OA%3D%3D
2. https://www.instagram.com/reel/DPiV0wHjCzt/?igsh=MTk4eXZkeTRjNHRjNA%3D%3D

2025 жылғы 7 қазан күні, сағат 10:00-де, «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжінде 28 адамның қатысуымен тоғызыншы дәріс өткізілді. Шараға екі лектор қатысып, төмендегі тақырыптарда баяндама жасады:
- Исмаилова Замана Назимқызы – «Бірлік пен келісім: Қазақстан қоғамының тұрақтылығының ғылыми өлшемдері»;
- Шілдебаева Жазира – «Толеранттылықтың тарихи тамырлары және ұлттық дәстүрлердегі көрінісі».
Өткізілген іс-шара бойынша Instagram әлеуметтік желісінде жарияланымдар мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды:
1. https://www.instagram.com/p/DPhS0SIjTLG/?igsh=MXd5Mm9udmFvNHMxOQ%3D%3D
2. https://aldaspan-info.kz/sayasat/803-taraz-bolasha-kollodzhinde-toleranttyly-bejbitshilik-pen-kelisimge-zhol-atty-d-rister-toptamasy-tti

2025 жылғы 8 қазан күні, сағат 10:00-де, «Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжінде 21 адамның қатысуымен оныншы дәріс өткізілді. Шараға екі лектор қатысып, келесі тақырыптарда баяндама жасады:
- Исмаилова Замана Назимқызы – «Бірлік пен келісім: Қазақстан қоғамының тұрақтылығының ғылыми өлшемдері»;

- Шілдебаева Жазира – «Толеранттылықтың тарихи тамырлары және ұлттық дәстүрлердегі көрінісі».

Өткізілген іс-шара бойынша Instagram әлеуметтік желісінде жарияланымдар мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды:

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DPhSSUyDWRx/?igsh=NHUzZXBpMDFtOHd1
2. https://aldaspan-info.kz/sayasat/802-bilim-kolledzhinde-toleranttyly-bejbitshilik-pen-kelisimge-zhol-atty-d-rister-toptamasy-tti

Әлеуметтік практикаға толерантты сана мен көзқарастарды енгізуге бағытталған «Толеранттылық – бейбітшілік пен келісімге жол» тақырыбында барлығы 10 дәріс ұйымдастырылды. Іс-шаралар Жамбыл облысы, Тараз қаласы аумағында өткізілді.

Дәрістер келесі білім беру ұйымдарында жүргізілді:

1. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті;
2. Тараз сервис және технологиялық колледжі (2 рет);
3. Жамбыл жоғары медициналық колледжі;
4. Жамбыл индустриалды-технологиялық колледжі;
5. Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі;
6. Жамбыл облыстық «Жасыл ел» еңбек жасағы орталығы;
7. Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі;
8. «Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі;
9. «Білім» гуманитарлық-техникалық колледжі.
10. Жоба аясында 10-ға жуық кәсіби лектор тартылды.

Өткізілген іс-шараларға жалпы 373 қатысушы (жоспар – 300) қатысты.

Сонымен қатар іс-шара барысында қатысушылардың пікірін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың іс-шараға қанағаттану деңгейі 92,7% құрағаны анықталды.

**2 іс-шара.** Қоғамда әр түрлі халықтардың мәдени құндылықтарына құрмет көрсету атмосферасын құру мақсатында «Менің халқым – менің дәстүрлерім» балалар шығармашылығының (суреттерінің) этнографиялық көрмесін ұйымдастыру (әзірленген Ереже негізінде білім беру ұжымдарын тарта отырып, 6-10 жас аралығындағы балаларды қатыстыру арқылы)

2025 жылдың 21 қазан күні Жамбыл облыстық көркемсурет галереясында «Менің халқым – менің дәстүрлерім» атты балалар шығармашылығының этнографиялық сурет көрмесі өткізілді. Іс-шараның басты мақсаты – әртүрлі этностардың мәдени құндылықтарына құрмет көрсетуді қалыптастыру және жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамыту.

Көрмеге Тараз қаласындағы білім беру ұйымдарынан 6 - 10 жас аралығындағы балалар қатысып, барлығы 52 сурет қойылды. Балалардың жұмыстары ұлттық салт-дәстүрлерді, киімдер мен тағамдарды, этностық мәдени ерекшеліктерді бейнелеу арқылы қоғамдағы этностар бірлігі мен өзара сыйластық идеяларын көрсетті.

Көрме қорытындысы бойынша комиссия шешімімен төмендегі жеңімпаздар анықталды:

Ошан Айзере; Жалғасбай Амина, Усипбаев Диас; Жанат Диас, Ермек Омар, Қалдыбек Айзере, Ултаракова Амина.

Әділқазылар алқасы құрамында:

- Аманғали Алишер Алтайұлы – Тараз қ. әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің ҮЕҰ және діни бірлестіктермен жұмыс секторының бас маманы;
- Көлбаева Гүлназ Жұманқызы – көрмені ұйымдастырушы маман;

- Бекмырза Айдана Ғалымқызы – Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» ЖҚБ төрағасы;
- Спабек Еркебұлан Қасымбекұлы – Тараз қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ маманы.

Іс-шара этносаралық түсіністік пен мәдени әртүрлілікті құрметтеуді насихаттауға, сондай-ақ өскелең ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті.

Өткізілген іс-шара бойынша қатысушылар саны – 52 адамды құрады.

Сонымен қатар іс-шара барысында қатысушылардың пікірін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың іс-шараға қанағаттану деңгейі 100 % құрағаны анықталды.

Өткізілген іс-шара бойынша Instagram, Tik-Tok әлеуметтік желісінде жарияланымдар мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DOqaGLciEgo/?igsh=bXpvbXY3NHF1emY3
2. https://www.instagram.com/p/DP1EVyyDXAv/?igsh=MW9uNXk2NWwzYndkZw%3D%3D
3. https://www.instagram.com/reel/DQHBxj_jY0L/?igsh=bmxwbGVuZzFkbjVq
4. https://www.instagram.com/p/DQMplbrjUTo/?igsh=NGpuN3Rmc2Fta3Vn
5. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7565133400743496972?_r=1&_t=ZM-90qeXJ7J4sl
6. https://aldaspan-info.kz/sayasat/872-meni-khal-ym-meni-d-st-rlerim-balalar-etnografiyaly-suret-k-rmesi-tti

**3 іс-шара.** Қазақстанда тұратын халықтардың шығармашылығын дамытуға, халықтардың мәдени құндылықтарын құрметтеуге бағытталған әртүрлі халықтардың Этно-мәдени фестивалін ұйымдастыру (әзірленген Ереже негізінде).

2025 жылғы 22 қазан күні М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің мәжіліс залында Ұлттық мереке – **Республика күні** аясында «Халықтар достығы: мәдениет және руханият» атты этно-мәдени фестиваль өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – Жамбыл облысында тұратын түрлі этностардың мәдени мұрасын кеңінен насихаттау, этносаралық келісімді нығайту, жастар арасында толеранттылық пен өзара құрмет құндылықтарын ілгерілету болды.

Фестиваль бағдарламасы үш кезеңнен тұрды:

I кезең – «Менің халқым – менің болмысым»: қатысушылар өз этносының тарихын, ұлттық киім үлгілерін, тағамдарын және өнерін таныстырды;

II кезең – «Салт-дәстүр – рухани мұра»: сахналық қойылымдар арқылы этностардың мәдени дәстүрлері көркем түрде ұсынылды;

III кезең – «Бірліктің бастауы – тарихта»: Қазақстан тарихы, этносаралық келісім және қоғамдық құндылықтар жөніндегі зияткерлік викторина ұйымдастырылды.

Фестивальге әртүрлі этностардың өкілдері, жоғары оқу орындары мен колледж студенттері, мектеп оқушылары және этномәдени бірлестіктердің жастары қатысты. Қазылар алқасының шешімімен үздік деп танылған командалар мен қатысушыларға арнайы дипломдар, қаржылай сыйлықтар және «Көрермен көзайымы», «Ең үздік таныстыру», «Ұлттық нақыштың үздік көрінісі», «Зерделі зияткер» секілді номинациялар табысталды.

Фестиваль этносаралық түсіністікті нығайтуға, мәдени әртүрлілікті бағалауға және жастардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды іс-шара ретінде жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Өткізілген іс-шараға жалпы саны 115 адам қатысты.

Сонымен қатар іс-шара барысында қатысушылардың пікірін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың іс-шараға қанағаттану деңгейі 94,4% құрағаны анықталды.

Өткізілген іс-шара бойынша Instagram, Tik-Tok, Youtube желісінде жарияланымдар мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/reel/DQHWd1EDG3P/?igsh=MThtcjRwYWRoeXJlZA%3D%3D
2. https://www.instagram.com/p/DQHLLcGjOjp/?igsh=MWF4eXVhMmVrMWZuaA%3D%3D
3. https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1554897375524954&id=100030141180183
4. https://www.instagram.com/p/DQFDabkjXyd/?igsh=bWwwOGE1MGZjNTQ5
5. https://www.instagram.com/reel/DQJs73zjSL1/?igsh=ZTJhZHM1eWg1eHl6
6. https://www.instagram.com/p/DQI-qwMDJjW/?igsh=MTB4ZzNjdmM4YjloeQ%3D%3D
7. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7565132869065002252?_r=1&_t=ZM-90qeZ3kYZ9X
8. https://aldaspan-info.kz/siyasat/870-khaly-tar-dosty-y-m-deniet-zh-ne-rukhaniyat-etno-m-deni-festivali-tti
9. https://www.youtube.com/watch?v=g3NsPlWIWcg
10. https://www.youtube.com/watch?v=R0syBrsRtC4

**4 іс-шара.** Әртүрлі этникалық топтардың өкілдері арасында ашық диалог алаңдарын құру, этносаралық мәселелер бойынша пікір алмасу, ұлтаралық түсіністік қалыптастыру мақсатында тренингтер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер ұйымдастыру. Арнайы медиация, келіссөздер жүргізу, психологтар мен заңгерлердің көмегімен қақтығыстарды шешу бойынша тренингтер ұйымдастыру Қақтығыстарды шешу үшін арнайы әдіснамалар мен бағдарламалар әзірлеу.

2025 жылғы 30 қыркүйек күні М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде «Storyline Connect» және «Frame & Focus» тәжірибелік кездесу-тренингі өтті. Тренингті Диана Қалманбаева жүргізіп, 35 қатысушы этносаралық қатынаста тиімді коммуникация орнату, эмпатияны дамыту және өзара түсіністік дағдыларын меңгерді.

Өткізілген іс-шара бойынша Instagram, TikTok желілерінде жарияланымдар мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/reel/DPOjJI0ja7T
2. https://www.instagram.com/p/DPOjpdTDbO7
3. https://aldaspan-info.kz/sayasat/808-storyline-connect-kezdesui
4. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7565134641644981515

2025 жылғы 9 қазан күні Тараз қаласы, Қызыл жұлдыз алқабы мәдениет үйінде «Медиация мен кәсіби кеңес беру» алаңы өтті.

Шараға 26 қатысушы қатысты. Медиатор Тортаев Қанат Үсенұлы мен заңгер Рүстем Данияр Ерікұлы еңбек және тұрмыстық дауларды сотқа дейін шешу жолдарын түсіндірді, медиатор мен адвокаттың рөлі жөнінде кеңес берді.

Өткізілген іс-шара бойынша Instagram, TikTok желілерінде жарияланымдар мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DPmQsY1DQ4-
2. https://www.instagram.com/reel/DPmQxUIjfy7
3. https://aldaspan-info.kz/sayasat/806-mediatsiya-men-k-sibi-ke-es-beru-ala-y-tti
4. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7565135186669702412

2025 жылғы 9 қазан күні Тараз сервис және технологиялық колледжінде «Бірлік пен түсіністік» психологиялық семинары өтті.

Семинарды психолог Динара Берекеева жүргізіп, 22 қатысушы эмоцияны басқару, шиеленіс жағдайында тиімді қарым-қатынас орнату және стрессті жеңу тәсілдерін үйренді.

Өткізілген іс-шара бойынша Instagram және TikTok желілерінде жарияланымдар жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DPnvtB9jZV3
2. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7565133940466404620

2025 жылғы 13 қазан күні М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде 51 қатысушының қатысуымен «Бірлігі жарасқан» тақырыбында дөңгелек үстелі өтті. «DU UNION» студенттік клубының президенті А.Тоқпанова және жастармен жұмыс бөлімінің басшысы Д.Мамыш этносаралық келісім, толеранттылық және жастар арасындағы өзара сыйластық тақырыптарын талқылады.

Өткізілген іс-шара бойынша Instagram, TikTok желілерінде жарияланымдар мен «Aldaspan-Info» ақпараттық агенттігінің сайтында мақала жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DPwZkDljcmv
2. https://www.instagram.com/reel/DPozJZ-je06
3. https://aldaspan-info.kz/sayasat/800-m-kh-dulati-atynda-y-taraz-irlik-universitetinde-birligi-zharas-an-ta-yrybynda-d-gelek-stel-tti
4. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7565139975025511692
5. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7565135529306508600

2025 жылғы 17 қазан күні М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде«Бірлікте» подкаст форматындағы кездесу өтті. Подкастқа жатақхана студенттік кеңесінің төрағасы Мамедова Бахар Усейновна, студент Нурматов Мансур және жоба жетекшісі Дәурен Мамыш қатысып, жастар арасындағы толеранттылық, өзара сыйластық және бейбіт өмір құндылықтарын талқылады.

Өткізілген іс-шара бойынша Instagram және TikTok желілерінде жарияланымдар жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/reel/DP4ZiUjDZh9
2. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7565135933708717323

2025 жылғы 23 қазан күні «Жастардың этносаралық келісімге көзқарасы» тақырыбында 10 адамның қатысумен фокус-топтық пікірталас өтті.

Медиативтік жұмыс нәтижесінде кәсіби медиатор Тортаев Қанат Үсенұлының көмегімен үш әлеуметтік-тұрмыстық дау (көршілер арасындағы дау, еңбек дауы және отбасылық дау) бейбіт жолмен шешілді.

Бұл тәжірибе қатысушылардың құқықтық мәдениетін арттырып, қоғамдық тұрақтылыққа оң ықпал етті.

Сонымен қатар этносаралық түсіністік пен қақтығыстарды шешуге арналған әдіснама мен білім беру бағдарламалары әзірленді. Өткізілген іс-шара бойынша Instagram, TikTok, YouTube желісінде жарияланымдар мен «Aldaspan-Info» сайтында мақала жарияланды.

**2-міндет. «Қоғамдық бірлікті нығайту».**

**1 іс-шара.** Этно-мәдени бірлестіктердің өкілдерін, жарқын шығармалар дайындап, олардың ерекшеліктерін сипаттайтын әдебиеттанушы маманды тарта отырып, (кітапхана базасында) еркін форматтағы әлем халықтарының поэзия кешін өткіз.

2025 жылғы 12 қыркүйек күні, сағат 15:00-де М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің кітапханасында «Жүректен шыққан жыр» атты поэтикалық кеш ұйымдастырылды. Этно-мәдени бірлестіктердің өкілдерін, жарқын шығармалар дайындап, олардың ерекшеліктерін сипаттайтын әдебиеттанушы маманды тарта отырып, (кітапхана базасында) еркін форматтағы әлем халықтарының поэзия кеші өтті.

Шараға оқытушылар, студенттер және жас ақындар қатысып, өз шығармаларын оқып, көркем сөз арқылы руханиятты дәріптеді. Кеш барысында ұлттық құндылықтар мен әдебиеттің тәрбиелік мәні кеңінен насихатталды.

Өткізілген іс-шаралар бойынша қатысушылар саны 50 адамды құрады.

Сонымен қатар іс-шара барысында қатысушылардың пікірін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың іс-шараға қанағаттану деңгейі 100 % құрағаны анықталды.

Өткізілген іс-шара бойынша Instagram желісінде жарияланым мен «Aldaspan-Info» сайтында мақала жарияланды.

Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.instagram.com/p/DOgHIAZiO1-/?igsh=bnM1aHZhZDluamEz
2. https://www.instagram.com/reel/DOgHL96iCrw/?igsh=N2g1cGY5cXhvcnhl
3. https://aldaspan-info.kz/sayasat/809-taraz-universitetinde-poeziya-keshi-tti

**3-міндет. «Бейбітшілік және төзімділік мәдениетін дамыту».**

**1 іс-шара.** Этносаралық қатынастардың деңгейін анықтау және әлеуметтік шиеленістің одан әрі алдын алу мақсатында үш этностың тұрғылықты жеріндеге қала тұрғындары арасында әлеуметтік сауалнама ұйымдастыру (сауалнама парақтарын дайындау кемінде 500 респондент).

Жоба аясында жүргізілген онлайн сауалнамаға барлығы 3428 респондент қатысып, өз пікірлерін білдірді. Төменде сауалнама сұрақтарына берілген жауаптардың пайыздық көрсеткіштері мен қысқаша талдамалық байқаулар ұсынылады.

Жасы

- 14-25 – 94,5%
- 26-35 – 1,9%
- 36-50 – 2,7%
- 51 және жоғары – 1,0%

Қысқаша байқау: Респонденттердің басым көпшілігі 14-25 жас аралығындағы жастар (94,5%). Бұл сауалнамаға негізінен жастар қатысқанын көрсетеді.

Жынысы

- Әйел – 69,9%
- Ер – 30,1%

Қысқаша байқау: Жауап берушілердің ішінде әйелдердің үлесі ерлерге қарағанда едәуір жоғары (шамамен 70% әйел, 30% ер адам). Бұл сауалнамаға әйелдердің белсенді қатысқанын көрсетеді.

Ұлты

- Қазақ – 70,7%
- Орыс – 8,8%
- Басқа ұлт – 7,0%
- Түрік – 6,8%
- Өзбек – 5,6%
- Татар – 1,0%
- Неміс – 0,03%

Қысқаша байқау: Қатысушылардың көпшілігі қазақ ұлтынан (шамамен 71%). Орыс, түрік, өзбек және басқа этнос өкілдерінің үлесі әлдеқайда аз (әрқайсысы 5-9% шамасында ғана). Демек, сауалнамаға негізінен қазақ этносының өкілдері қатысқан.

Әлеуметтік мәртебесі

- Студент – 70,8%
- Жұмыскер – 11,3%
- Жұмыссыз – 7,7%
- Мемлекеттік қызметкер – 5,2%
- Оқушы – 1,9%
- Кәсіпкер – 1,8%
- Зейнеткер – 1,3%

Қысқаша байқау: Респонденттердің басым бөлігі студенттер (шамамен 71%). Аз бөлігі жұмыскер (11%), жұмыссыз (8%), мемлекеттік қызметкер (5%), қалған аз санатты оқушылар, кәсіпкерлер мен зейнеткерлер құрайды. Яғни сауалнамаға негізінен білім алушы жастар қатысқан.

Сіз өз қалаңызда этностар арасындағы қарым-қатынасты қалай бағалайсыз?

- Жақсы – 47,4%
- Өте жақсы – 39,2%
- Қанағаттанарлық – 7,5%
- Белгісіз – 4,6%
- Нашар – 1,3%

Қысқаша байқау: Респонденттердің көпшілігі өз қаласындағы этносаралық қатынастарды оң бағалаған: шамамен 86%-ы «жақсы» немесе «өте жақсы» деп жауап берген. Өте аз бөлігі (шамамен 1%) ғана бұл қатынастарды «нашар» деп бағалайды.

Сіз өз ұлтыңыздан бөлек басқа этнос өкілдерімен араласасыз ба?

- Иә, күнделікті – 32,8%

- Кейде – 44,8%
- Жоқ – 22,5%

Қысқаша байқау: Респонденттердің едәуір бөлігі (шамамен 78%) өзге этнос өкілдерімен араласатынын айтқан (оның ішінде 33%-ы күнделікті, 45%-ы кейде араласады). Ал қалған 22% басқа этностармен мүлдем араласпайтынын көрсеткен.

Сіздің ойыңызша, этносаралық келісімге не көбірек әсер етеді?

- Тәрбие – 53,5%
- Мәдени алмасу – 20,3%
- Білім – 17,6%
- Мемлекеттік саясат – 7,9%
- БАҚ – 0,8%

Қысқаша байқау: Этносаралық келісімге әсер ететін басты фактор ретінде көбінесе тәрбие аталған (53%). Одан кейін мәдени алмасу (20%) мен білім (18%) маңызды деп саналады. Ал мемлекеттік саясаттың (8%) және БАҚ (шамамен 1%) ықпалы мардымсыз деп бағаланған.

Этностық айырмашылықтар себепті сіз немесе жақындарыңыз қандай да бір қиындыққа тап болдыңыз ба?

- Иә – 9,3%
- Жоқ – 83,3%
- Жауап беруге қиналамын – 7,4%

Қысқаша байқау: Респонденттердің басым көпшілігі этностық айырмашылықтар кесірінен қиындық көрмегенін айтқан (шамамен 83%). Тек 9%-ы ғана мұндай қиындыққа тап болғанын айтса, 7%-ы жауап беруге қиналған.

Сіздің ойыңызша, этностар арасындағы түсініспеушілік неден туындайды?

- Тілдік барьер – 28,0%
- Ешқандай қиындық жоқ – 19,2%
- Түсініспеушілік жоқ – 17,4%
- Мәдени айырмашылық – 14,5%
- Стереотиптер – 11,6%
- Қоғамдағы теңсіздік – 9,4

Қысқаша байқау: Этностар арасындағы түсініспеушіліктің басты себебі ретінде респонденттер көбіне тілдік кедергіні атап көрсеткен (28%). Алайда айтарлықтай көп адам этносаралық түсініспеушілік жоқ деп санайды (барлығы 36%). Сонымен бірге мәдени айырмашылықтар (14%) мен стереотиптерді (12%), сондай-ақ әлеуметтік теңсіздікті (9%) атап өткендер де бар.

Сіз этностар арасындағы достықты нығайтуға бағытталған іс-шараларға қатысасыз ба?

- Иә – 29,1%
- Сирек – 28,5%
- Жоқ – 42,5%

Қысқаша байқау: Респонденттердің көпшілігі этносаралық достық шараларына қатыспайтынын мойындайды: 42% ешқашан қатыспайды, 28% сирек қатысады. Тұрақты түрде қатысатындардың үлесі небәрі 29% ғана екені көрінеді.

Сіз этносаралық мәселелер бойынша ақпаратты қайдан аласыз?

- Әлеуметтік желілер – 68,8%
- Достар мен таныстардан – 14,2%
- Теледидар – 13,4%
- Мемлекеттік органдар – 2,6%
- Радио – 1,1%

Қысқаша байқау: Этносаралық тақырыптағы ақпараттың негізгі көзі ретінде әлеуметтік желілер анық көш бастап тұр (шамамен 69%). Бұдан бөлек, респонденттердің бір бөлігі таныстары (14%) мен теледидарды (13%) ақпарат алу көзі ретінде көрсеткен. Ал мемлекеттік органдар (3%) мен радионың (1%) үлесі өте төмен.

Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы хабарыңыз бар ма?

- Иә – 81,9%
- Жоқ – 18,1%

Қысқаша байқау: Респонденттердің көпшілігі Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметінен хабардар (82%). Дегенмен олардың бестен бір бөлігіне жуығы (18%) бұл жөнінде бейхабар екендерін көрсеткен.

Этностар арасындағы қатынастарды жақсарту үшін не істеу қажет?

- Көпэтносты шараларды көбейту – 31,6%
- Ортақ құндылықтарды қалыптастыру – 21,0%
- Ұлттық мәдениетті насихаттау – 20,1%
- Тіл үйрету курстары – 13,7%
- Білмеймін – 13,6%

Қысқаша байқау: Этносаралық қатынастарды жақсарту үшін ең көп ұсынылған шара – көпэтносты іс-шараларды көбейту (32%). Сонымен қатар ортақ құндылықтарды қалыптастыру (21%) және әр ұлттың мәдениетін насихаттау (20%) да маңызды деп танылған. Бұдан бөлек, кейбір респонденттер тіл үйрету курстарын көбейту керек деп есептейді (14%), ал 14%-ы бұл сұраққа нақты жауап беруге қиналған.

Сіздің пікіріңізше, Қазақстанда этностар арасында тең құқықтылық сақталған ба?

- Иә – 70,2%
- Жоқ – 12,8%
- Жауап беруге қиналамын – 17,1%

Қысқаша байқау: Респонденттердің басым бөлігі Қазақстанда этносаралық тең құқықтылық сақталған деп санайды (70%). Алайда аз бөлігі бұған күмәнмен қарайды: 13%-ы мұндай теңдік жоқ дейді, 17%-ы нақты жауап бере алмаған (яғни жауап беруге қиналған).

Этностар арасындағы бейбітшілік пен келісімді сақтау кімнің міндеті деп санайсыз?

- Барлығы бірігіп – 44,6%
- Мемлекет – 28,5%
- Азаматтар – 25,0%
- БАҚ – 0,9%

·	Мектептер мен ЖОО – 0,5%

Қысқаша байқау: Респонденттердің жартысына жуығы этносаралық бейбітшілік пен келісімді сақтау – барлығының ортақ міндеті деп санайды (45%). Сонымен қатар айтарлықтай көп адам бұл жауапкершілікті мемлекетке (28%) немесе жеке азаматтарға (25%) жүктеу керек деп есептейді. Өте аз бөлігі ғана бұл міндетті БАҚ (1%) немесе оқу орындарының (0,5%) мойнына қойған жөн деп атап өткен.

Сауалнама туралы ақпарат әлеуметтік желілерде жарияланды:

https://www.instagram.com/p/DOtjAqbjfvc/?igsh=MWJxZnpwN3plMWdsbQ%3D%3D

**2 іс-шара. Жобаның ақпараттық-түсіндіру және мәдени іс - шараларына қатысушылардың қанағаттану деңгейі (сауалнамалар арқылы бағалау).**

Жобаға қатысқан барлық адамдардан алынған кері байланыс нәтижелері талданып, жобаның жалпы тиімділігі бойынша қорытынды шығарылды. Жоба аясында өткізілген іс-шараларға барлығы 725 адам қатысты.

Кері байланысқа сәйкес, қатысушылардың күткен нәтижесінің орындалу деңгейі орташа 4,55 баллды құрады. Бұл көрсеткіш 91% қанағаттану деңгейіне сәйкес келеді және жобаның қатысушылар тарапынан жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Сонымен қатар, іс-шаралардың ұйымдастырылу сапасына берілген орташа баға 4.5 балл (89.96%) болды.

**3 іс-шара. Қоғамдық мониторинг және бағалау жүргізу.**

Қоғамдық мониторинг және бағалау нәтижелері ретінде сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың негізгі мақсаты – жобаның алдағы уақытта қажет немесе қажет еместігін анықтау.

Сауалнамаға төменде көрсетілген азаматтар сарапшы ретінде қатысты.

1. Лесбек Азамат Қайратұлы - Тараз қалалық мәслихат депутаты
2. Сағадинов Төлеби Теміржанұлы - Жамбыл облыстық «Ауыл жастары» жастар қанатының Төрағасы
3. Хамида Турдиева - Жамбыл облысы Ассамблея жастарының жетекшісі
4. Арнат Ұлтанбаев - М.Х. Дулати ат. Тараз өңірлік университетінің әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы
5. Арайлым Абдуалиева - «Саналы қоғам» қоғамдық қорының президенті

Нәтижесінде, жобаның этносаралық түсіністік пен мәдениетаралық диалогты дамытудағы тиімділігі бойынша, сарапшылардың 40%-ы жобаны «Жақсы» және «Өте жақсы» деп бағалады, ал 60%-ы толық пікір ұсынып, жобаның мына артықшылықтарын атап өтті:

- ашық пікірталас алаңдарының құрылуы;
-этностар арасындағы мәдени байланыстың нығаюы;
- қоғамда төзімділік пен түсіністікті қалыптастыруға қосқан үлесі.

Сонымен қатар, жобаны болашақта жетілдіру бойынша ұсыныстар жиналды.

Сарапшылар жобаның ауқымын кеңейту, онлайн/офлайн форматты үйлестіру, мемлекеттік органдармен ынтымақтастықты күшейту және жобаны өңірлерге тарату қажет екенін атап өтті.

Сондай-ақ, жобаның қоғамдағы бейбітшілік пен келісім құндылықтарын қалыптастырудағы маңыздылығы бойынша, барлық сарапшылар мұндай іс-шаралардың төзімділік пен диалог мәдениетін дамытуда, әлеуметтік бейбітшілікті нығайтуда маңызды рөл атқаратынын айтты.

Бұдан бөлек, жобаның іске асырылуын бағалау бойынша, сарапшылардың 60% жобаны «Өте жақсы» деп бағалаған.

Қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша сарапшылар жобаны қоғам үшін өзекті, этносаралық келісімді нығайтуда және мәдениетаралық диалогты дамытуда тиімді деп есептеді. Сонымен қатар жобаның жалғастырылып, ауқымының кеңейтілуі қажет деген ортақ пікір білдірілді.

**Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.**

**1 іс-шара.** Жобаны іске асыру туралы қорытынды жария презентация.

2025 жылғы 31 қазан күні сағат 12:00-де ZOOM бейне байланыс қосымшасы арқылы, «Бірлігі жарасқан» жобасының қорытынды презентациясы өтті.

Қорытынды презентацияның өтетіндігі туралы әлеуметтік желіде анонс жарияланып, растаушы бейнематериал жасалды.
Әлеуметтік желіде жарияланған анонс сілтемесі:
1. https://www.instagram.com/p/DQZzyJvjcr1/?igsh=MWRla243MHduY3Bucg==

**Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс**

**1 іс-шара. Әлеуметтік жобаны іске асыру туралы жарияланымдар.**

Жоба аясында кең көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жобаның мазмұны мен нәтижелерін насихаттауға ерекше көңіл бөлінді.
Жалпы жарияланған ақпарат саны 117 материалды құрады.
Оның ішінде:

- 15 видео дайындалып, әлеуметтік желілерде таратылды;
- 88 инфографика әзірленіп, көпшілікке ұсынылды;
- 15 мақала ақпараттық порталда жарияланды;
- 2 телесюжет дайындалып «Тараз24» телеарнасында көрсетілді;
- 5 көше жарнамасы орналастырылды;
- 1 баннер әзірленді;
- 20 000-нан асатын оқырманы бар танымал Instagram парақшасында 1 пост жарияланды.

Сонымен қатар жоба бойынша ай сайын контент-жоспар әзірленіп, медиа белсенділік тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған айлық дайджест қосымшада ұсынылды.

**2-іс-шара.** Этносаралық және конфессияаралық келісімді насихаттау бойынша баспа және электронды БАҚ-та имиджік материал дайындау

Жоба аясында этносаралық және конфессияаралық келісім құндылықтарын насихаттауға бағытталған имидждік материалдар әзірленді. Атап айтқанда:

- 5 бейнеролик сценарийі дайындалып, түсірілім жұмыстары жүргізілді;
- дайындалған материалдар негізінде 1 имидждік бейнеролик жасалып, «Тараз24» телеарнасының эфиріне шығарылды;
- бейнероликтің жалпы жанама қамту көрсеткіші 2000 қаралымды/оқылымды құрады.

Телеарна эфиріне шыққан роликке қатысты эфирлік анықтама алынды. Әлеуметтік желі мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардың сілтемесі:

1. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7565140244526386488?_r=1&_t=ZM-90qdqSDpeci
2. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7565139947225713976?_r=1&_t=ZM-90qe1AMyn7M
3. https://www.tiktok.com/@erkin_pikir/video/7565139866938264843?_r=1&_t=ZM-90qe2hAz8Tw

**1. Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:**

***Нысаналы топтардың алған нақты нәтижелері:***

***Сандық көрсеткіштер:***

Жоба аясында 4150 адам қамтылды, оның ішінде:

-550 мектеп оқушысы (13–16 жас)
-2100 жас азамат (17–27 жас аралығы)
-550 ересек тұрғын (33–58 жас аралығы)
-250 егде адамдар (59 жастан жоғары)
-150-ден астам этномәдени бірлестік өкілдері
-70-тен астам қоғамдық ұйым мүшелері

Өткізілген іс-шаралар:

-5 этносаралық тренинг пен семинар
-1 этномәдени фестиваль («Халықтар достығы: мәдениет және руханият»)
-1 сурет көрмесі («Менің халқым – менің дәстүрлерім»)
-10 дәрістік сабақ («Толеранттылық – бейбітшілік пен келісімге жол» тақырыбында)
-1 поэтикалық кеш
-5 қоғамдық диалогтық алаң (дөңгелек үстел, пікір алмасу)

Сапалық өзгерістер:

-Қатысушылардың 91%-ы іс-шаралар сапасына жоғары баға беріп, ұйымдастырылуы мен мазмұнына қанағаттанғанын білдірді.
-Жастар арасында этносаралық түсіністік, төзімділік, ынтымақтастық пен белсенді азаматтық ұстаным қалыптасты.
-Жоба барысында жастар мен этносаралық өкілдер арасында мәдени, шығармашылық және пікір алмасу алаңы орнады.

***Жобаның ұзақ мерзімді әсері:***

-Этносаралық түсіністік пен өзара құрмет артып, қоғамда тұрақтылықты сақтаудың маңызды негізі қаланды.
-Түрлі этностар арасындағы бейресми байланыстар артты, бұл қоғамдық келісімге ұзақ мерзімді оң ықпал етеді.
-Жобада қолданылған әдіснамалар (медиация, келіссөздер, тренинг, арт-терапия) жергілікті деңгейде қақтығыстардың алдын алу тетігі ретінде қолда алады.
-Этномәдени бірлестіктер мен жастар ұйымдары арасында ынтымақтастық орнап, жобадан кейін де бірлескен іс-шаралар жалғасын табады.

***Жобаның тұрақтылығы:***

-Тұрақты серіктестер ретінде тартылған: Жамбыл облысы әкімдігінің құрылымдары, Қоғамдық келісім мекемесі, Жастар ресурстық орталығы, Ассамблея жастары, Пікірсайыс ұйымдары.
-Жобаға қатысқан еріктілер мен белсенді жастар негізінде тұрақты топ құрылып, келешекте де жаңа жобаларды жалғастыруға дайын.
-Әдістемелік құралдар, дәріс жазбалары, сұрақ-жауап контенттері кейінгі жұмыстарда пайдаланылады.
-Медиация мен келіссөз тренингтерінен өткен мамандар жергілікті қоғамдастықпен одан әрі жұмыс жүргізу әлеуетіне ие.

**2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):**

«Бірлігі жарасқан» жобасының негізгі мақсаты – этносаралық келісімді нығайту, мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен құрметті арттыру, сондай-ақ қоғамда бейбітшілік пен бірлікті нығайту болды. Аталған мақсат толық орындалды, бұл келесі нақты фактілер мен дәлелдер арқылы расталады:
1.Жобаның жалпы қамтылуы:
Жоба аясында 1000-нан астам адам қамтылды (жоспар – кемінде 1000 адам).
Қатысушылардың қанағаттану деңгейі барлық іс-шаралар бойынша орта есеппен 93%-дан асты.
2.Бейбітшілік пен түсіністік құндылықтарын қалыптастыру:
10 дәріс өткізіліп, жастар мен студенттерге толеранттылық туралы білім берілді (қатысушылар саны – 352).
Дәрістерге қатысушылардың 92,7%-ы іс-шарадан үлкен әсер алғанын және жаңа білім алғанын атап өтті.
3.Шығармашылық пен мәдени әртүрлілікке құрмет:
«Менің халқым – менің дәстүрлерім» балалар сурет көрмесіне 52 сурет қойылып, 100-ден астам адам қатысты.
Қатысушылар мен ата-аналар тарапынан 100% оң пікір білдірілді.
4.Мәдениетаралық диалог пен этносаралық байланыс:
«Халықтар достығы: мәдениет және руханият» атты этно-мәдени фестиваль үш тур бойынша жоғары деңгейде өтті.

125-тен астам қатысушы түрлі этностардың мәдениетін таныстырды.

5.Қақтығыстарды шешу және түсіністік орнату:

5 арнайы іс-шара ұйымдастырылды (тренинг, дөңгелек үстел, медиация).

Арнайы әдіснама әзірленіп, психологтар мен заңгерлердің қатысуымен семинарлар өтті.

6.Ғылыми және аналитикалық негіздеме:

3400-ден астам адам қатысқан әлеуметтік сауалнама ұйымдастырылып, этносаралық ахуалға қатысты нақты деректер жиналды.

Сауалнама қорытындылары жобаның өзектілігін, тиімділігін және қоғамдағы сұранысын дәлелдеді.

7.Ақпараттық қолдау және қоғамдық пікір қалыптастыру:

Жоба туралы 15-тен аса мақала жарияланды, әлеуметтік желі мен БАҚ арқылы кең ауқымда жарияланды.

**Қорытынды:** Жобаның мақсаттары нақты орындалып, қоғамда этносаралық келісім, бейбітшілік, толеранттылық құндылықтарының артуына нақты үлес қосылды. Әрбір бағыт бойынша көрсетілген нәтижелер – жобаның мақсатқа толық жеткенінің айғағы болып табылады.

**3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:** «Бірлігі жарасқан» әлеуметтік жобасы шеңберінде жоспарланған іс-шаралардың барлығы толық көлемде және сапалы деңгейде жүзеге асырылды. Жобаның негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

1. Этносаралық диалогты қалыптастыру және толерантты көзқарасты нығайту:

· Жоспарланған 10 дәріс толық өткізілді. Іс-шаралар 11 білім беру ұйымын қамтып, 352 адам қатысқан (жоспар - 300).

· Қатысушылардың қанағаттану деңгейі – 92,7% (жоспар – кемінде 70%) құрады.

· Лекторлар саны мен сапасы жоспарға сай болды.

· Дәріс материалдары, фото-видео есептер, сауалнамалар толық жиналды.

2. Мәдениеттерді құрметтеу және шығармашылықты қолдау:

· Балалар шығармашылығы көрмесі сәтті ұйымдастырылды. 52 сурет қойылып, 100-ден астам адам қамтылды (жоспар-50).

· Жоғары деңгейде ұйымдастырылған көрме жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттырды.

· Қанағаттану деңгейі — 100%.

3. Этно-мәдени диалог пен бірлікті көрсету:

· «Халықтар достығы: мәдениет және руханият» этно-мәдени фестивалі 3 турдан тұратын құрылыммен өткізілді.

· Қатысушылар саны — 125 адам (жоспар — 100).

· Қанағаттану деңгейі — 94,4%.

· Жеңімпаздарға қаржылай және символикалық марапаттар табысталды.

4. Қақтығыстардың алдын алу мен диалог алаңдарын құру:

· 5 шара өткізілді: тренинг, семинар, подкаст, дөңгелек үстел, медиатор мен заңгердің кездесу.

· Қатысушылар саны — 125 адам (жоспар — 100).

· Арнайы әдіснама әзірленді, мамандар тартылды.

· Қанағаттану деңгейі — 94,4%.

5. Қоғамдық бірлікті нығайту:

· Әлем халықтарының поэтикалық кеші 50-ден аса қатысушының басын қосты (жоспар — 50).

· Әдебиет пен руханият арқылы этносаралық түсіністік тереңдетілді.

· Қанағаттану деңгейі — 100%.

6. Жағымды қоғамдық пікір қалыптастыру:

· 3428 респондент қатысқан кең көлемді әлеуметтік сауалнама өткізілді (жоспар — 500).
· Этносаралық қатынастар мен бейбітшілікке қатысты көзқарастар зерттелді.
· Нәтижелері ғылыми мақалаға негізделіп, облыстық БАҚ-та жарияланды.

7. Ақпараттық жұмыс және медиа қамту:
· БАҚ-та 15-тен астам мақала жарық көрді, әлеуметтік желіде 100-ден аса жарияланым жасалды.
· Taraz24 телеарнасы арқылы 2 сюжет көрсетілді, жарнамалық ролик шығарылды.
· Instagram-да 1 пост 36 600 оқырман аудиториясы бар парақшаларда жарияланды (жоспар – 20 000).

**ҚОРЫТЫНДЫ:**

Жобаның барлық жоспарланған индикаторлары толық орындалды, ал кейбір көрсеткіштер (қамтылған адам саны, сауалнама ауқымы, қанағаттану деңгейі) жоспардан асыра орындалды. Жобаны іске асыру нәтижесінде Тараз қаласында этносаралық келісімді нығайту, мәдени әртүрлілікке құрмет көрсету және жастар арасында толерантты көзқарасты қалыптастыру бағытында нақты оң әсер байқалды.

**4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):** Жоба басталғанға дейін Тараз қаласында этносаралық қатынас мәселелері бойынша ашық диалог алаңдары жеткіліксіз болды, түрлі этностар өкілдерінің өзара сенімі мен мәдени өзара ықпалдастығы әлсіз болатын. Жастар мен азаматтық белсенділердің этносаралық келісім бойынша қатысу деңгейі төмен болды.

Жоба іске асқан соң бірқатар нақты әлеуметтік өзгерістер байқалды:

· Жоба аясында өткізілген іс-шараларға 1000-нан астам адам қатысып, олардың 90%-дан астамы өзара түсіністіктің артқанын және этносаралық тақырыптардың маңыздылығын түсінгендерін білдірді;

· Түрлі этностардың 50-ден астам өкілі қатысқан фестиваль мен семинарлар этникалық төзімділік пен құрметке негізделген орта қалыптастырды;

· Психологтар мен медиаторлар ұйымдастырған практикалық жаттығулар кезінде қатысушылар жанжалдарды бейбіт жолмен шешу тәсілдерін меңгерді;

· 6-10 жас аралығындағы балаларға арналған этно-сурет көрмесі арқылы ұлтаралық достықтың құндылығы бала санасында қалыптаса бастады.

«Жетістік тарихы» Аида Нұртаева, 18 жаста, қазақ ұлтынан, Тараз қаласының тұрғыны. Жоба басталғанға дейін Аида түрлі этностармен тығыз араласудан қашқақтайтын, өз пікірін ашық айтуға тартынатын еді. Ол жоба аясындағы «Толеранттылық – бейбітшілік пен келісімге жол» тақырыбындағы дәріске қатысып, кейін этно-фестивальдің ұйымдастыру тобына ерікті ретінде қосылды.

Аида жоба кезінде түрлі этностардың мәдениетімен терең танысып, дүнген, өзбек достар тапты. Қазір ол университеттің студенттік өзін-өзі басқару кеңесінде жұмыс істейді және «Этносаралық достық – ел болашағы» тақырыбындағы студенттік жобаның бастамашысы.

**2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:**

**1) гендерлік көрсеткіш:**

| **Жобаға қатысушылардың саны барлығы** | **Ерлер** | **Әйелдер** |
|---|---|---|
| 4150 адам | 1275 | 2875 |

**2)санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметкерлер | Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары | Мүгедектігі бар тұлғалар | Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4150 | - | 2000 | 200 | 350 | 100 | 150 | 250 | 300 | 100 | 700 |

**3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және одан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4150 | 550 | 1400 | 700 | 400 | 550 | 300 | 250 |

**3. Жобаның нәтижелері:**

**көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):** «Бірлігі жарасқан» әлеуметтік жобасы шеңберінде жоспарланған іс-шаралардың барлығы толық көлемде және сапалы деңгейде жүзеге асырылды. Жобаның негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

1. Этносаралық диалогты қалыптастыру және толерантты көзқарасты нығайту:

· Жоспарланған 10 дәріс толық өткізілді. Іс-шаралар 11 білім беру ұйымын қамтып, 352 адам қатысқан (жоспар - 300).

· Қатысушылардың қанағаттану деңгейі – 92,7% (жоспар – кемінде 70%) құрады.

· Лекторлар саны мен сапасы жоспарға сай болды.

· Дәріс материалдары, фото-видео есептер, сауалнамалар толық жиналды.

2. Мәдениеттерді құрметтеу және шығармашылықты қолдау:

· Балалар шығармашылығы көрмесі сәтті ұйымдастырылды. 52 сурет қойылып, 100-ден астам адам қамтылды (жоспар-50).

· Жоғары деңгейде ұйымдастырылған көрме жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттырды.

· Қанағаттану деңгейі — 100%.

3. Этно-мәдени диалог пен бірлікті көрсету:

· «Халықтар достығы: мәдениет және руханият» этно-мәдени фестивалі 3 турдан тұратын құрылыммен өткізілді.

· Қатысушылар саны — 125 адам (жоспар — 100).
· Қанағаттану деңгейі — 94,4%.
· Жеңімпаздарға қаржылай және символикалық марапаттар табысталды.

4. Қақтығыстардың алдын алу мен диалог алаңдарын құру:

· 5 шара өткізілді: тренинг, семинар, подкаст, дөңгелек үстел, медиатор мен заңгердің кездесу.
· Қатысушылар саны — 125 адам (жоспар — 100).
· Арнайы әдіснама әзірленді, мамандар тартылды.
· Қанағаттану деңгейі — 94,4%.

5. Қоғамдық бірлікті нығайту:

· Әлем халықтарының поэтикалық кеші 50-ден аса қатысушының басын қосты (жоспар — 50).
· Әдебиет пен руханият арқылы этносаралық түсіністік тереңдетілді.
· Қанағаттану деңгейі — 100%.

6. Жағымды қоғамдық пікір қалыптастыру:

· 3428 респондент қатысқан кең көлемді әлеуметтік сауалнама өткізілді (жоспар — 500).
· Этносаралық қатынастар мен бейбітшілікке қатысты көзқарастар зерттелді.
· Нәтижелері ғылыми мақалаға негізделіп, облыстық БАҚ-та жарияланды.

7. Ақпараттық жұмыс және медиа қамту:

· БАҚ-та 15-тен астам мақала жарық көрді, әлеуметтік желіде 100-ден аса жарияланым жасалды.
· Taraz24 телеарнасы арқылы 2 сюжет көрсетілді, жарнамалық ролик шығарылды.
· Instagram-да 1 пост 36 600 оқырман аудиториясы бар парақшаларда жарияланды (жоспар – 20 000).

**1) жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):**

Жобаның негізгі мақсаты – Тараз қаласында этносаралық қатынастар мәдениетін нығайту, толерантты сана қалыптастыру және әртүрлі этностар өкілдері арасында өзара құрмет пен түсіністі арттыру. Жобаны іске асыру барысында жүргізілген дәрістер, этно-мәдени іс-шаралар, ақпараттық кампаниялар және әлеуметтік зерттеу қала тұрғындарының этномәдени мәселелерге деген көзқарасына тікелей ықпал етіп, ұзақ мерзімді оң өзгерістерге негіз қалады.

**Жобаның ұзақ мерзімді оң әсерлері:**

1. **Толерантты қоғамдық сана қалыптасады.**
   Жоба аясында ұйымдастырылған дәрістер тұрғындардың этносаралық қатынастар туралы білімін арттырып, қоғамда бейбітшілік пен келісім құндылықтарын нығайтады. Бұл әсіресе жастар мен ата-аналар арасында толеранттылық мәдениетінің тұрақты қалыптасуына ықпал етеді.
2. **Әлеуметтік келісім мен қоғамдық тұрақтылықтың күшеюі.**
   Этно-мәдени фестивальдер, шығармашылық көрмелер, поэзия кештері тұрғындарды ортақ мәдени кеңістікке біріктіріп, этностар арасындағы сенім мен өзара құрметті арттырады. Мұндай іс-шаралар әлеуметтік шиеленіс тәуекелдерін төмендетіп, қоғамдық тұрақтылықтың нығаюына әсер етеді.

3. **Этномәдени әртүрлілікті құрметтеу құндылығының артуы.**
   Балалардың этнографиялық көрмеге қатысуы және түрлі этностардың мәдениетін таныстыру шаралары келешек буынның өз ұлтына және басқа этностарға деген құрметін күшейтіп, ұзақ мерзімді мәдени байланыстардың қалыптасуына ықпал етеді.
4. **Ақпараттық кеңістікте этносаралық келісім идеясын нығайту.**
   БАҚ-та жарияланған материалдар мен әлеуметтік желілердегі қамту аудиториясы қоғамдық пікірге әсер етіп, көпшілік арасында этносаралық өзара құрмет пен толеранттылықтың оң бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл құбылыс ұзақ уақыт бойы қоғамдық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.
5. **Этносаралық қатынастар бойынша аналитикалық база қалыптасады.**
   Үш этностың тығыз тұратын аумақтарында жүргізілген әлеуметтік сауалнама қаланың этносаралық ахуалы, тұрғындардың қажеттіліктері мен тәуекел факторлары туралы объективті деректер береді. Бұл алдағы жылдары мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін саясат пен шараларды жоспарлауда маңызды ақпараттық негіз бола алады.

**2) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:**

Жоба Тараз қаласында этносаралық келісім мен толерантты қоғамдық сананы нығайтуға айтарлықтай ықпал етті. 4000-нан астам тұрғынның қатысуы әлеуметтік байланыстардың күшеюіне, өзге мәдениеттерге құрметтің артуына және қоғамдық тұрақтылықтың сақталуына жағдай жасады.

**Әлеуметтік әсері:**

- Халық арасында толеранттылық, мәдени ашықтық және өзара құрмет деңгейі артты.
- Балалар мен жастардың шығармашылық әлеуеті дамып, этномәдени құндылықтарды тануға қызығушылық күшейді.
- БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы жобаның мазмұны кең аудиторияға таралып, қоғамда этносаралық келісім жөнінде оң пікір қалыптасты.
- 500 респондент қамтылған әлеуметтік сауалнама өңірдегі этносаралық ахуалды бағалауға мүмкіндік беріп, алдын алу шараларын жоспарлауға негіз болды.

**Экономикалық әсері:**

- Іс-шараларды өткізу барысында жергілікті мәдениет мекемелері мен сервистік ұйымдардың жұмысы жанданды.
- Балалар мен жастарға бағытталған білім беру және шығармашылық шаралар өңірдің адами капиталына ұзақ мерзімді инвестиция болып табылады.
- Әлеуметтік тұрақтылықтың артуы жергілікті экономика мен қоғамдық бастамалар үшін қолайлы орта қалыптастырады.

**Қорытынды:**

Жоба өңірдегі этносаралық келісімнің, әлеуметтік тұрақтылықтың және адами капиталдың дамуына ықпал етіп, Тараз қаласының ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды нәтиже қалыптастырды.

Жобаның жүзеге ассырылуын растаушы құжаттар келесі сілтемеде:
https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1Myx4jLPZJsEz0tFs5ia28oipmElkxQ5w

**Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер**

**Грант алушы:** «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі

**Басым бағыттың атауы:** Отбасы институтын нығайтуға бағытталған кешенді іс-шаралар өткізу

**1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат** (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

**1-міндет. «Саналы отбасы – берік қоғам» атты семинарлар топтамасы**

***1-іс-шара. «Саналы отбасы – берік қоғам» атты «Берік отбасы – бақыттың кепілі» тақырыбында офлайн семинарлар топтамасын жастардың (әсіресе колледж студенттерінің) арасында отбасын құруға саналы көзқарас қалыптастыру, ата-ана жауапкершілігін түсіндіру, ұлттық отбасылық дәстүрлерді насихаттау, ажырасу мен тұрмыстық зорлық- зомбылықтың алдын алу мәселелеріне саналы көзқарас қалыптастыру мақсатында ұйымдастыру***

**1 семинар:** 2025 жылғы 10 қыркүйекте Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы», «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі және Тараз сервис және технология колледжінің ұйымдастыруымен «Саналы отбасы – берік қоғам» атты тәрбиелік бағыттағы іс-шара өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында отбасы құндылықтарын дәріптеу, сыйластық пен бірлікке тәрбиелеу, сондай-ақ жас буынның жауапкершілік сезімін арттыру болып табылады.

Кездесуге қала ардагерлері, жастар ұйымдарының өкілдері және колледж студенттері қатысты. Қонақтар қатарында:

- Жақсыбеков Баймұрат Жақсыбекұлы – Тараз қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі, білім саласы комиссиясының төрағасы;
- Ералиева Несібелі Ералықызы – ардагерлер кеңесінің мүшесі;
- Абашева Мира Қалиуллақызы – «Жастар ресурстық орталығының» маманы болды.

Шара барысында қатысушыларға отбасының қоғамдағы рөлі, ұлттық дәстүрлердің тәрбиелік мәні, ата-аналық жауапкершілік және отбасы бірлігін сақтау жолдары туралы мазмұнды ақпарат берілді. Қонақтар өз өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, жастарды өз отбасына қамқорлықпен қарауға және жанұялық құндылықтарды сақтауға шақырды. **Іс-шараға: 73 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DOpx3AlCBLF/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7550571366651546936

**2 семинар:** 2025 жылғы 17 қыркүйекте Тараз қаласында «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында «Саналы отбасы – берік қоғам» атты офлайн семинар ұйымдастырылды. Іс-шараны Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы», «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі және Білім кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі бірлесе өткізді. Семинар дәл осы колледж базасында өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында отбасы құндылықтарын насихаттау, сыйластық пен бірлікке баулу, сондай-ақ ата-аналық жауапкершілікті арттыру болды. Семинар барысында қатысушыларға отбасылық қатынастар мәдениеті, өзара сенім мен түсіністік, отбасындағы рөлдік үйлесім және зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері жөнінде жан-жақты ақпарат берілді.

Кездесу қонақтары – Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психологы Қадыр Арайлым Болатбекқызы мен заңгер Үмбетбаев Әбдікәрімсәти Ерланұлы жастармен ашық форматта пікір алмасып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасындағы өзара сыйластық пен жауапкершілік қағидаларын сақтау жөнінде кеңес берді.

Семинар интерактивті форматта өтіп, қатысушыларға нақты өмірлік мысалдар мен психологиялық жаттығулар ұсынылды. Жастар мамандарға өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, кәсіби кеңес алды Іс-шара соңында студенттер өз пікірлерін білдіріп, отбасы құндылықтарын сақтау әрбір адамның жеке жауапкершілігінен басталатынын атап өтті. **Іс-шараға: 30 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DOsfpZwiFnY/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7550960032628739384

**3 семинар:** 2025 жылғы 22 қыркүйек күні Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің әкімшілік корпусында «Саналы отбасы – берік қоғам» тақырыбында семинар өтті. Іс-шара Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігінің бірлесуімен, «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында ұйымдастырылды. Семинардың мақсаты – жастар мен жас отбасылар арасында отбасылық құндылықтарды нығайту, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, психологиялық және құқықтық сауаттылықты арттыруболды. Кездесу барысында жас отбасыларда жиі кездесетін қиындықтар, ажырасудың психологиялық және әлеуметтік салдары, балалардың дамуына әсері, сондай-ақ неке мен ажырасу тәртібі, алименттік міндеттемелер және мүліктік құқықтар мәселелері жан-жақты талқыланды.

Семинар спикерлері – Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Қадыр Арайлым Болатбекқызы мен заңгер Үмбетбаев Әбдікәрімсәти Ерланұлы қатысушыларға кәсіби кеңес беріп, олардың өзекті сұрақтарына жауап берді. Психолог қатысушылармен интерактивті жаттығулар өткізіп, отбасындағы өзара түсіністік пен эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру тәсілдерін көрсетті. Іс-шара жылы және ашық диалог форматында өтті. Қатысушылар отбасы ішіндегі қарым-қатынастың маңызын, құрмет пен сабырдың отбасы берік болуының басты шарттары екенін атап өтті. Ұйымдастырушылар мұндай мазмұндағы семинарлар жастардың өмірлік ұстанымын қалыптастыруға және қоғамдағы отбасылық мәдениетті нығайтуға үлкен үлес қосатынын айтты. **Іс-шараға: 22 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DO8HboQDGHk/

**4 семинар:** 2025 жылғы 22 қыркүйекте Тараз қаласындағы Жамбыл политехникалық жоғары колледжінде (оқу корпусы) «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында отбасылық құндылықтарды дәріптеуге арналған семинар өтті. Іс-шараны «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырып, Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі, «Жастар ресурстық орталығы» және Жамбыл политехникалық жоғары колледжі қолдау көрсетті. Семинар барысында Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Қадыр Арайлым Болатбекқызы жас отбасылардың қиындықтары мен ажырасудың бала тәрбиесіне әсері туралы баяндады. Ал заңгер Үмбетбаев Әбдікәрімсәти Ерланұлы неке және ажырасу тәртібі, алимент және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құқықтық салдары жөнінде түсіндірме берді. Шараның мақсаты – жастар арасында отбасы құндылықтарын нығайту, жауапкершілік пен сыйластыққа тәрбиелеу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу болды.

**Іс-шараға: 74 адам қатысты.**
https://www.instagram.com/p/DP6NxqQDCXv/
https://www.instagram.com/p/DO8HboQDGHk/

**5 семинар:** 2025 жылғы 29 қыркүйекте «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубының ұйымдастыруымен және «Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжінің қолдауымен «Эмоцияны басқару – ішкі тепе-теңдік бастауы» атты психологиялық кездесу өтті. Іс-шараның мақсаты – жастар арасында эмоцияны басқару мәдениетін қалыптастыру, психологиялық сауаттылықты арттыру, сондай-ақ стресс жағдайларында өзін-өзі ұстай білу дағдыларын дамыту болды. Кездесу барысында қатысушылар психологиялық жаттығулар орындап, өз ой-пікірлері мен тәжірибелерімен бөлісті. Психолог спикер Абдуалиева Арайлым эмоцияны бақылау әдістері, ішкі тепе-теңдікті сақтау және жағымсыз күйзелістен шығу жолдары жөнінде кеңестер берді. Шара жылы атмосферада өтіп, жастарға өзін-өзі тану мен эмоционалды тұрақтылықты арттыру бағытында маңызды тәжірибелік білім берді. **Іс-шараға: 43 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DOsfpZwiFnY/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7550960032628739384

**6 семинар:** 2025 жылдың 30 қыркүйегінде Тараз қаласында «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында «Саналы отбасы – берік қоғам» атты офлайн семинар өтті. Іс-шараны «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі мен «Астана» көпсалалы колледжі бірлесе ұйымдастырды.

Семинардың мақсаты – жастар арасында отбасы құндылықтарын дәріптеу, сыйластық пен жауапкершілікке тәрбиелеу болды. Шара барысында Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Қадыр Арайлым Болатбекқызы отбасылық қатынастардағы өзара түсіністік пен эмоционалды үйлесімділіктің маңыздылығы туралы кеңес берді. **Іс-шараға: 53 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DPOX2WzCFbg/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7555499589004987704

**7 семинар:** 2025 жылдың 30 қыркүйегінде Тараз қаласында «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында «Саналы отбасы – берік қоғам» атты семинар ұйымдастырылды. Іс-шараны «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі мен Тараз мамандандырылған колледжі бірлесе өткізді.

Семинардың мақсаты – жастар арасында отбасы құндылықтарын насихаттау, өзара сыйластық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру болды. Спикер ретінде Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Қадыр Арайлым Болатбекқызы шақырылып, ол жасөспірімдерге отбасылық қарым-қатынаста түсіністік пен сенімнің маңыздылығы жөнінде айтты. **Іс-шараға: 19 адам қатысты.**

**8 семинар:** 2025 жылғы 1 қазанда «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі мен Жамбыл инновациялық көпсалалы колледжінің ұйымдастыруымен «Саналы отбасы – берік қоғам» атты іс-шара өтті. Іс-шараның мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау, жастарды сыйластыққа, бірлік пен жауапкершілікке тәрбиелеу болды. Шара барысында Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Қадыр Арайлым Болатбекқызы жастарға отбасыдағы өзара түсіністік пен сенім мәдениеті, ата-аналық жауапкершілік және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері жөнінде мазмұнды ақпарат берді. Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтіп, қатысушылар отбасындағы сыйластық пен сабырдың берік қарым-қатынас орнатудағы маңызын талқылады. **Іс-шараға: 55 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DPRdzVVCIzp/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7556287900204141880

**9 семинар:** 2025 жылдың 7 қазанында Тараз қаласында «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында «Саналы отбасы – берік қоғам» атты семинар өтті. Іс-шараны «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі мен “Alem” кәсіби білім беру колледжі бірлесе ұйымдастырды.

Семинардың мақсаты – жастар арасында отбасы құндылықтарын дәріптеу, өзара сыйластық пен жауапкершілікке тәрбиелеу болды. Шара барысында Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Қадыр Арайлым Болатбекқызы және Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасына қарасты №2 қалалық емхана жанындағы «Жан-Нұр» жастар денсаулық орталығының жетекшісі, жоғары дәрежелі психолог Қалдыбаева Гүлзира Бекболатқызы отбасы психологиясы, бала тәрбиесі және жасөспірімдердің эмоционалды денсаулығын сақтау тақырыптарында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. **Іс-шараға: 45 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DPgML2ViMuC/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7558446001606970636

**10 семинар:** 2025 жылдың 7 қазанында Тараз қаласында «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында «Саналы отбасы – берік қоғам» атты семинар өтті. Іс-шараны «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі мен «Тараз Парасат» жоғары колледжі бірлесе ұйымдастырды.

Семинардың мақсаты – жастар арасында отбасы құндылықтарын дәріптеу, сыйластық пен бірлікке баулу және жауапкершілікті арттыру болды. Спикерлер ретінде Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Қадыр Арайлым Болатбекқызы және Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасына қарасты №2 қалалық емхана жанындағы «Жан-Нұр» жастар денсаулық орталығының жетекшісі, жоғары дәрежелі психолог Қалдыбаева Гүлзира Бекболатқызы сөз сөйлеп, отбасы психологиясы мен жасөспірімдердің құқықтық және эмоционалды әл-ауқаты туралы жан-жақты ақпарат берді. **Іс-шараға: 43 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DPiVNpVCPTl/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7558721508030418188

**11 семинар:** 2025 жылдың 8 қазанында Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінде «Саналы отбасы – берік қоғам» атты танымдық кездесу ұйымдастырылды. Іс-шара «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен өтті.

Кездесудің басты мақсаты – жастарға отбасы құндылықтарының мәнін ұғындыру, сыйластық пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру және ұлт болашағы үшін берік отбасылардың маңызын түсіндіру болды. Шара барысында Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Қадыр Арайлым Болатбекқызы мен №2 қалалық емхана жанындағы «Жан-Нұр» жастар денсаулық орталығының жетекшісі, жоғары дәрежелі психолог Қалдыбаева Гүлзира Бекболатқызы қатысушылармен ашық сұхбат өткізіп, отбасылық қарым-қатынастағы өзара сенім, түсіністік пен эмоциялық тұрақтылық тақырыптарын талқылады. **Іс-шараға: 39 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DPlHBNriM1R/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7559118585759681804

**12 семинар:** 2025 жылдың 8 қазанында Жамбыл жоғары медициналық колледжінде жастарға арналған «Саналы отбасы – берік қоғам» атты тағылымдық кездесу өтті. Шараны «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Кездесудің негізгі бағыты – жастар арасында отбасы институтының маңызын арттыру, өзара түсіністік пен сыйластық мәдениетін дамыту, сондай-ақ жауапкершілік пен бірлік құндылықтарын қалыптастыру болды.

Шара барысында Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Қадыр Арайлым Болатбекқызы мен №2 қалалық емхана жанындағы «Жан-Нұр» жастар денсаулық орталығының жетекшісі, жоғары дәрежелі психолог Қалдыбаева Гүлзира Бекболатқызы жастармен ашық әңгіме өрбітіп, отбасы психологиясы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жасөспірімдердің эмоционалды денсаулығын сақтау тақырыптарын қозғады. **Іс-шараға: 40 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DPwBEDliJUK/

https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7564393110877261068

**13 семинар:** 2025 жылғы 9 қазан күні «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі және Тараз сервис және технология колледжінің ұйымдастыруымен, сондай-ақ Тараз қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің қолдауымен «Саналы отбасы – берік қоғам» атты іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау, жастарды сыйластыққа, бірлік пен жауапкершілікке тәрбиелеу, сондай-ақ жас отбасылардың психологиялық сауаттылығын арттыру болды.

Шара барысында Отбасын қолдау орталығының психолог маманы Арайлым Қадыр жас отбасыларда жиі кездесетін қиындықтар, ажырасудың салдары мен оның балалардың психологиялық дамуына әсері туралы баяндама жасап, қатысушыларға пайдалы кеңестер берді.

Іс-шара жастар арасында отбасылық құндылықтарды нығайтуға, өзара түсіністік пен сенім мәдениетін қалыптастыруға бағытталды. **Іс-шараға: 58 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DQBs3YTCG4W/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7563239507735088440

***2-іс-шара. Жастардың жыныстық және репродуктивті денсаулығы бойынша ақпараттандыру***

2025 жылдың 3 қазанында Тараз қаласындағы №2 қалалық емхана жанындағы «Жан-Нұр» жастар денсаулық орталығында жастардың жыныстық және репродуктивті денсаулығын сақтау тақырыбында сұхбат өтті. Іс-шараның мақсаты – жастар арасында денсаулық мәдениетін қалыптастыру, ерте жүктіліктің, жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу және өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау маңызын түсіндіру болды.

Кездесуді «Жан-Нұр» жастар денсаулық орталығының жетекшісі, жоғары дәрежелі психолог Қалдыбаева Гүлзира Бекболатқызы жүргізді. Ол қатысушыларға репродуктивті денсаулықты қорғау, өзара сыйластық пен жауапкершілік қағидаттарын сақтау, сондай-ақ психологиялық тұрғыда сау қарым-қатынас орнату жөнінде кеңес берді. Шара барысында жастар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып, жеке денсаулық пен моральдық жауапкершіліктің өзара байланысы туралы маңызды ақпарат алды. Сонымен қатар тұрғындарға әлеуметтік желіде медицина мамандарының жастар денсаулығы бойынша өзекті сұрақтарға жауап беріп, қатысушыларға жастардың репродуктивті денсаулығы арнайы кеңестермен бөлісті. Іс-шара барысында қатысушыларға арнайы ақпараттық парақшалар мен буклеттер таратылды. Қосымша іс-шара аясында 5 адамға арнайы кеңестер берілді. Шараға қатысушылар репродуктивті денсаулықты жақсарту бойынша, ерлер арасындағы белсіздік мәселесі, жыныстық сауаттылық, жыныстық жолмен жұғатын аурулар бойынша кеңес алды. **Іс-шараға: 15 адам қатысты.**

**2 міндет. «Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ» дәрістер топтамасы**

***1-іс-шара. «Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ» жас отбасылар арасында тұрмыстық зорлық- зомбылықтың алдын алу, отбасындағы қарым- қатынасты сауатты түрде реттеу, психологиялық қауіпсіздік пен өзара түсіністік орнату мәселелеріне арналған офлайн дәрістер топтамасын өткізу***

**1 дәріс:** 2025 жылғы 10 қыркүйекте Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында «Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ» атты дәріс ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – жастар арасында отбасылық құндылықтарды нығайту, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, сондай-ақ психологиялық және құқықтық сауаттылықты арттыру болды.

Дәріс барысында психолог Қадыр Арайлым Болатбекқызы жас отбасыларда кездесетін қиындықтар, ажырасудың салдары және оның балаларға психологиялық әсері туралы баяндама жасады. Ал заңгер Үмбетбаев Әбдікәрімсәти Ерланұлы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері, неке және ажырасу тәртібі, алимент төлеу мен мүлікті бөлу мәселелері жөнінде түсіндірме берді. Қатысушылар мамандарға өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, нақты әрі кәсіби жауаптар алды. Шара жылы атмосферада өтіп, отбасындағы өзара түсіністік пен сенімнің маңызын арттыруға бағытталды. **Іс-шараға: 46 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DOaczbEiF-_/

**2 дәріс:** 2025 жылғы 12 қыркүйекте Д.И. Менделеев атындағы РХТУ филиалында «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында «Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ» атты дәріс ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – отбасылық құндылықтарды нығайту, жастар арасында жауапкершілік пен сыйластықты арттыру, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылықты дамыту болды.

Дәріс барысында Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Қадыр Арайлым Болатбекқызы жас отбасыларда жиі кездесетін қиындықтар, ажырасудың психологиялық салдары және оның балаларға әсері туралы айтты.

Ал заңгер Үмбетбаев Әбдікәрімсәти Ерланұлы неке және ажырасу тәртібі, алимент төлеу, мүліктік құқықтар және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құқықтық салдары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қатысушылар мамандарға өз сұрақтарын қойып, кәсіби әрі нақты жауаптар алды. Іс-шара отбасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға, жастардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға және қоғамда зорлық-зомбылықсыз мәдениетті насихаттауға бағытталды. **Іс-шараға: 49 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DOgFTGWiJPT/

**3 дәріс:** 2025 жылғы 10 қазанда «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі мен Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің ұйымдастыруымен «Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ» атты іс-шара өтті. Іс-шараның мақсаты – отбасылық құндылықтарды насихаттау, жастарды сыйластыққа, бірлік пен жауапкершілікке тәрбиелеу болды. Шара барысында Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Арайлым Қадыр жас отбасыларда жиі кездесетін қиындықтар, ажырасудың салдары және оның балалардың психологиялық дамуына әсері туралы баяндама жасады.

Сонымен қатар Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасына қарасты №2 қалалық емхана жанындағы «Жан-Нұр» жастар денсаулық орталығының жетекшісі, жоғары дәрежелі психолог Гүлзира Қалдыбаеважастарға психологиялық қауіпсіздік пен өзара түсіністікті сақтау, отбасында эмоционалды тепе-теңдікті қалыптастыру жөнінде кеңес берді. Іс-шара барысында қатысушылар мамандармен еркін сұхбат жүргізіп, өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алды. Шара жастардың отбасы құндылықтарына деген көзқарасын нығайтып, олардың өмірлік жауапкершілік мәдениетін арттыруға ықпал етті. **Іс-шараға: 44 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DPn0iJjCOk1/

https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7560707651777105163

«Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ» дәрістер топтамасы Тараз қаласындағы жоғары оқу орындарында офлайн форматта өткізілді:

- Д.И. Менделеев атындағы РХТУ филиалы;
- Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті (әкімшілік корпусы және «Студенттер үйі»).

Дәрістерді Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ-нің психолог маманы мен заңгері, сондай-ақ Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы №2 қалалық емхана жанындағы «Жан-Нұр» жастар денсаулық орталығының мамандары бірлесе жүргізді. Кездесулер барысында қатысушыларға тұрмыстық зорлық-зомбылық түрлері, олардың психологиялық және құқықтық салдары, қақтығыстарды шешу жолдары, сенім мен өзара құрмет мәдениетін қалыптастыру тәсілдері туралы ақпарат берілді. Тыңдаушылар өмірлік мысалдар мен нақты

жағдайларды талқылап, мамандармен ашық диалог форматында пікір алмасты. Шара барысында психологтар шараға қатысқан жастар арасында арнайы қорытынды есептер дайындады.

**Есеп нәтижелері:**

Жалпы қатысушылар саны: 139 адам
Аудитория: студенттер, жас жұбайлар, педагогтар және психологтар.
Қамтылған оқу орындары: 2 жоғары оқу орны.
Қатысушылардың қызығушылық деңгейі – 85%
Берілген ақпаратты түсіну және қабылдау деңгейі – 80%
Психологиялық қауіпсіздік туралы түсінік деңгейінің артуы – 80%
Кері байланысқа қатысқан студенттер үлесі – 64%
Шараға қанағаттану деңгейі – 80%.

***2-іс-шара. «Тұрмыстық зорлық- зомбылыққа жол жоқ!» шарасы аясында қала тұрғындары көп шоғырланатын орындарда (орталық алаң, сауда орындары мен орталықтары, базар, саябақтар, аялдамалар) қазақ және орыс тілдерінде дайындалған 600 парақша тарату***

2025 жылдың 17-23 маусым аралығында Тараз қаласында «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және қоғамның құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» атты ақпараттық акция ұйымдастырылды. Акция барысында қала тұрғындары көп шоғырланатын орындарда — орталық алаңда, сауда орталықтарында, базарларда, саябақтар мен аялдамаларда қазақ және орыс тілдерінде дайындалған ақпараттық парақшалар таратылды.

**Сандық нәтижелер:**

- Барлығы 620 парақша қазақ және орыс тілдерінде дайындалып, таратылды;
- Қаланың 5 көпшілік нүктесінде ақпараттық таратылым өткізілді;
- 620-дан астам тұрғын тікелей ақпаратпен қамтылды;
- Акция барысынан 53 фото әлеуметтік желілерде жарияланды;
- 2 тілде әзірленген ақпараттық материалдар дайындалып, қолдануға енгізілді. **Іс-шарада: 620 адам қамтылды.**

https://www.instagram.com/p/DMcD9A-IuQg/?img_index=1
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/photo/7530255718767774982
https://www.instagram.com/p/DMU45g0ov9O/?img_index=1
https://www.instagram.com/p/DMU45g0ov9O/?img_index=1
https://www.instagram.com/p/DMW95NNsp-U/?img_index=1
https://www.instagram.com/p/DMW95NNsp-U/?img_index=1
https://www.instagram.com/p/DMZqS2ZIYRA/?img_index=1
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/photo/7530140252887993656
https://www.instagram.com/p/DMNg9i7MppF/?img_index=1
https://www.instagram.com/p/DMNg9i7MppF/?img_index=1

**3-міндет. «Жас отбасы мектебі» ақпараттық курсы.**

***1-іс-шара. Жоғары оқу орындарында оқитын жастарға арналған қатысушыларға отбасы құндылықтары, некені сақтау жолдары, сенім мен өзара түсіністікті нығайту, қиын жағдайларды бірге еңсеру сынды бағыттарда теориялық және практикалық білім беретін «Жас отбасы мектебі» ақпараттық курсын өткізу. Курс аясында кәсіби психологтар мен әлеуметтік жұмысшылармен тренингтер өткізу.***

**1 ақпараттық курс.** 2025 жылғы 16 қыркүйекте «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубының ұйымдастыруымен және «Тараз Болашақ» жоғары медициналық колледжінің қолдауымен «Жас отбасы мектебі» атты ақпараттық курс өтті. Іс-шараның мақсаты – жастар арасында отбасылық құндылықтарды дәріптеу, некені сақтау жолдары мен өзара түсіністікті нығайту, сондай-ақ эмоцияны басқару мәдениеті мен психологиялық сауаттылықты арттыру болды. Курс аясында кәсіби психологтар мен әлеуметтік жұмысшылар қатысушыларға отбасы ішіндегі қарым-қатынасты сауатты реттеу, сенімді нығайту және қиын жағдайларды бірге еңсеру жолдары туралы теориялық және практикалық білім берді. Спикерлер: Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Арайлым Қадыр және заңгер Үмбетбаев Әбдікәрімсәти Ерланұлы.

Қатысушылар практикалық жаттығулар орындап, өз тәжірибелерімен бөлісті, сондай-ақ мамандармен ашық сұхбат форматында өзекті мәселелерді талқылады. Шара жастардың жауапкершілік сезімін арттырып, болашақ отбасылық өмірге саналы көзқарас қалыптастыруға ықпал етті. **Іс-шараға: 44 адам қатысты.**

**2 ақпараттық курс.** 2025 жылғы 17 қыркүйекте Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы», «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі және М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің ұйымдастыруымен «Жас отбасы мектебі» атты іс-шара өтті. Іс-шараның мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау, жастарды сыйластыққа, бірлік пен жауапкершілікке тәрбиелеу, сондай-ақ жас отбасылардың психологиялық және құқықтық сауаттылығын арттыру болды. Шара барысында Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ психолог маманы Арайлым Қадыр жас отбасыларда жиі кездесетін психологиялық қиындықтар, өзара түсіністік пен сенім мәдениеті туралы баяндама жасады.

Сонымен қатар заңгер Үмбетбаев Әбдікәрімсәти Ерланұлы неке және ажырасу тәртібі, отбасындағы құқықтық қатынастар мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу тетіктері жөнінде ақпарат берді. Кездесу интерактивті форматта өтіп, қатысушылар мамандарға сұрақтарын қойып, кәсіби кеңес алды. Іс-шара жастардың отбасылық жауапкершілік сезімін күшейтіп, өмірге саналы көзқарасын қалыптастыруға бағытталды. **Іс-шараға: 28 адам қатысты.**

**3 ақпараттық курс.** 2025 жылғы 6 караша Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы», «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі және М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің ұйымдастыруымен «Жас отбасы мектебі» атты іс-шара өтті. Іс-шараның мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау, жастарды сыйластыққа, бірлік пен жауапкершілікке тәрбиелеу, сондай-ақ жас отбасылардың психологиялық және құқықтық сауаттылығын арттыру болды. Шара барысында Психология ғылымдарының кандидаты Турдалиева Шолпан жас отбасыларда жиі кездесетін психологиялық қиындықтар, өзара түсіністік пен сенім мәдениеті туралы баяндама жасады. **Іс-шараға: 107 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DOs8DlMCNC4/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7551023861492419845
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7569571390224108856

***2-іс-шара. Жастармен ашық диалог форматында кездесулер ұйымдастыру: «Жас отбасының алғашқы қиындықтары» тақырыбында табысты отбасылармен сұхбаттар ұйымдастыру, студенттерге өздерін мазалаған сұрақтары бойынша кәсіби мамандардан жауап беру***

2025 жылғы 8 қыркүйекте Тараз сервис және технология колледжінде жастармен мазмұнды кездесу өтті. Іс-шараны Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» мен «Айналайын» балалар-жасөспірімдер орталығы» жастар клубы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Кездесу «Жас отбасының алғашқы қиындықтары» тақырыбында өтіп, оның мақсаты – жастарға отбасылық өмірдің

бастапқы кезеңдерінде кездесетін қиындықтарды еңсеру жолдарын көрсету, саналы неке мен жауапкершілік ұстанымын қалыптастыру болды. Іс-шара барысында студенттер мен жас отбасылар табысты отбасы өкілдері мен мамандардың өмірлік тәжірибесін тыңдап, өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алды.

Қонақтар қатарында:

- Лесбек Азамат Қайратұлы – Тараз қалалық мәслихатының депутаты, «SK Group» компаниясының директоры;
- Махамбетова Рамида Ерболқызы – «Жастар ресурстық орталығының» NEET жастар және жас отбасылармен жұмыс секторының меңгерушісі болды.

Кездесу жылы атмосферада өтті. Қатысушылар өмірлік серіктестікті таңдаудағы жауапкершілік, өзара түсіністік және бір-бірін қолдаудың маңыздылығы туралы ой түйді. Іс-шара жастарға өз болашағына саналы көзқараспен қарап, берік отбасы құрудың мәнін түсінуге мүмкіндік берді. **Іс-шараға: 80 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DQn0xvLiPRD/

https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7568735304237075723

***3-іс-шара. Қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында «Отбасы банк» және қаржылық мамандармен бірлескен дәрістер ұйымдастыру***

2025 жылғы 22 қыркүйекте Тараз қаласында «Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ»жобасы аясында жастардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған дәріс ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – жастар мен жас отбасыларға қаржыны тиімді басқару, отбасылық бюджет құру және қаржылық тұрақтылық мәдениетін қалыптастыру жолдарын үйрету болды.

Дәріске «Отбасы банк» маманы Койбакишева Аяна мен қаржы саласының тәжірибелі сарапшылары қатысып, тыңдаушыларға отбасы бюджеті, табысты жоспарлау, қаржыны дұрыс бөлу, жинақ жасау және болашаққа инвестициялаутақырыптарында пайдалы ақпарат берді. Қатысушылар практикалық сұрақтарын қойып, өздерінің жеке жағдайларына байланысты кәсіби кеңес алды. Сарапшылар нақты мысалдар арқылы қарапайым әрі қолжетімді қаржылық жоспарлау тәсілдерін көрсетті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай дәрістер жас отбасылардың саналы қаржылық шешім қабылдауына, тұрақты өмір салтын қалыптастыруына және экономикалық жауапкершілікті арттыруынаықпал етеді. **Іс-шараға: 12 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DPL_7UniIaU/?img_index=1

https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7555499589004987704

***4-іс-шара. Қаржылық тәуелсіздікке жету жолдары бойынша тренингтер ұйымдастыру***

2025 жылғы 28 тамызда «Мөлдір бұлақ» оқу-сауықтыру орталығында «Қаржылық тәуелсіздікке жету жолдары» атты тренинг ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру, қаржыны басқару дағдыларын қалыптастыру және дербес табыс көзін қалыптастыруға ынталандыру болды.

Тренинг спикері – Куандық Жасұлан, тәжірибелі бизнес-тренер және қаржылық кеңесші. Ол қатысушыларға жеке қаржы мен отбасылық бюджетті жоспарлау, пассивті табыс көздерін құру, инвестициялаудың қарапайым қағидалары және қаржылық мақсаттарға жету жолдары жөнінде жан-жақты ақпарат берді. Қатысушылар практикалық тапсырмалар орындап, өз қаржылық жағдайына талдау жасап, болашаққа нақты жоспар құру дағдыларын меңгерді. Іс-шара жастар арасында қаржылық жауапкершілік пен тәуелсіздік мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ саналы экономикалық шешім қабылдауға бағытталды. Шараға қатысқан жастар арасында арнайы PRE-POST тест өткен болатын. Тест нәтижесіні сәйкес респонденттердің көпшілігі (53,3%) қаржылық сауаттылықты ақша табу қабілетімен байланыстырса, 26,7% – оны қаржыны дұрыс басқару және жоспарлау дағдысы деп түсінген. Қатысушылардың 40%-ы отбасылық бюджетті кіріс пен шығысты толық есепке алу жоспары ретінде қарастырады. Міндетті шығындар қатарында 73,3% тамақ, тұрғын үй және денсаулыққа байланысты төлемдерді атаған.

Үнемдеуге келсек, респонденттердің жартысынан көбі (53,3%) табысының 5%-ын жинақтауды тиімді деп есептейді. Ақшаны сақтау тәсілі бойынша 46,7% қатысушы қолма-қол ақша ұстауды, дәл сондай үлесі банктік депозитті таңдаған. Бюджетті тұрақты түрде жүргізетіндердің үлесі 42,9%, ал өз қаржысын дұрыс басқаруға сенімділердің үлесі 42,9% болған. **Іс-шараға: 50 адам қатысты.**

https://www.instagram.com/p/DOLc2UDCIGF/?img_index=1

https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7546198198956625157

**4-міндет. «Отбасылық кеңес: жан тыныштығы үшін» консультациялық психологиялық көмек**

***1-іс-шара. Жоба аясында кәсіби психологтар, заңгерлер отбасылық қатынаста қиындықтарға тап болған азаматтарға жеке және топтық форматта тегін психологиялық отбасындағы жанжалдарды шешу, эмоциялық күйзелісті жеңу, балалармен қарым-қатынас және басқа да өзекті мәселелерді қамтитын кеңес беру***

«Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында «Отбасылық кеңес: жан тыныштығы үшін» атты консультациялық-психологиялық көмек көрсету қызметі ұйымдастырылды. Жоба шеңберінде кәсіби психологтар мен заңгерлер отбасылық қатынаста қиындықтарға тап болған азаматтарға жеке және топтық форматта тегін кеңес беру жұмыстарын жүргізді. Консультациялар 2025 жылдың маусым мен қыркүйек айлары аралығында өтті. Кеңес беру барысында отбасыларға жанжалдарды шешу, эмоциялық күйзелісті жеңу, балалармен қарым-қатынасты реттеу, отбасылық сенімді нығайту және заңдық көмек алу жолдары жөнінде кәсіби бағыт-бағдар берілді.

Барлығы 20 отбасы қатысып, өздеріне қажетті психологиялық және құқықтық көмек алды. Кеңеске келген азаматтардың арасында лудомания (ойынға тәуелділік), ішімдікке салыну, қаржылық қиындықтар мен қарызбастылық, отбасылық түсініспеушілік пен эмоционалдық алыстау сияқты өзекті мәселелер жиі көтерілді. Психологтар мен заңгерлер әр отбасының жағдайына жеке тәсіл қолданып, нақты шешу жолдарын ұсынды. Кеңес беру нәтижесінде қатысушылар өз эмоциясын бақылауды, ашық әңгімелесуді және отбасылық сенімді қалпына келтірудің маңызын түсінді.

Іс-шараның қорытындысы бойынша отбасылар тарапынан оң пікірлер айтылып, мұндай форматтағы тұрақты консультациялық кездесулердің қоғам үшін маңызы жоғары екені атап өтілді.

Жоба аясындағы жеке консультациялар отбасылардың эмоционалдық тұрақтылығын арттырып, қаржылық және құқықтық сауаттылығын күшейтуге нақты әсер етті. “Жобаға дейін отбасы қаржылық қиындықтар мен қарыз салдарынан жанжалдарға жиі тап болған. Психологиялық қысым мен күйзеліс олардың қарым-қатынасына кері әсер еткен. Консультация барысында психологтың кеңестері мен заңгердің несиені қайта құрылымдау жөніндегі түсіндірмелері отбасына нақты шешім қабылдауға көмектесті. Нәтижесінде отбасында өзара түсіністік пен сабырлылық артты, қаржылық жоспарлау дағдылары қалыптаса бастады”.

“Бастапқыда ерлі-зайыптылар ажырасу процесінде болған, мүлікті бөлу мен алимент мәселесінде дау туған. Психолог пен заңгердің көмегімен тараптар өзара сыйластыққа келіп, жағдайды бейбіт жолмен шешу мүмкін екенін түсінді. Психолог балаларға ата-ананың айырылысуы кезінде эмоционалды қолдау көрсету жолдарын үйретті. Соның нәтижесінде отбасы мүшелері бір-бірін тыңдауға және балалардың психологиялық саулығын сақтауға басымдық бере бастады”-деп өз пікірін айтты. **Іс-шараға: 20 отбасы қатысты.**
https://www.instagram.com/p/DNVMuWfshIf/

**5-міндет. Жобаның ақпараттық-түсіндіру және мәдени іс - шараларына қатысушылардың қанағаттану деңгейі (сауалнамалар арқылы бағалау)**

***1-іс-шара. Жобаның ақпараттық- түсіндіру және мәдени іс-шараларына қатысушылардың қанағаттану деңгейі (сауалнамалар арқылы бағалау)***

Жоба аясында өткізілген іс-шаралардың тиімділігін анықтау мақсатында онлайн сауалнама жүргізілді. Барлығы 606 адам қатысып, олардың жауаптары іс-шаралардың сапасы мен мазмұнын бағалауға мүмкіндік берді.

Сауалнама нәтижесі бойынша:

- Қатысушылардың 53,8%-ы – әйелдер, 46,2%-ы – ер адамдар;
- Жас санатының басым бөлігі (82,6%) – 19–35 жас аралығындағы жастар;
- Қатысушылар ең көп қатысқан іс-шаралар – ақпараттық курстар (27,6%) және ашық диалогтар (25,4%);
- 56% қатысушы іс-шара туралы ақпаратты ұйымдастырушылардан, 26,8% – достарынан, 17,1% – әлеуметтік желілерден білген.

Іс-шараларды ұйымдастыру сапасы жоғары бағаланған:

- 74,5% қатысушы ұйымдастыру деңгейіне “4–5” ұпай қойған;
- 97% ұсынылған ақпараттың пайдалы болғанын атап өткен;
- 97,4% спикерлердің кәсіби дайындығына оң баға берген;
- Қатысушылардың 60%-дан астамы іс-шара отбасылық құндылықтарға деген көзқарасына оң әсер еткенін көрсеткен.

Қатысушылар тарапынан ең қызықты тақырыптар ретінде психолог кеңестері, махаббат пен қарым-қатынас, отбасындағы өзара түсіністік бағыттары аталды.

Ал болашақ шараларда жастар денсаулығы, ажырасудың алдын алу, ата-аналық жауапкершіліктақырыптарын қамту ұсынылды.

Жалпы бағалау нәтижесінде:

- 72,2% – “Жақсы”,
- 23,7% – “Өте жоғары” деп бағалаған.

Қатысушылардың 95,9%-ы іс-шараларға қанағаттанғанын білдірді. Пікір қалдырғандардың басым бөлігі “Мұндай іс-шаралар жиі өткізілсін” және “Шағым жоқ” деген жауап берген.

**Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы**

***Іс-шара: Жобаны іске асыру туралы қорытынды жария презентация.***

«Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясындағы қорытынды онлайн-жария презентация Facebook әлеуметтік желісіндегі тікелей эфир форматында өткізілді. Презентация барысында жоба нәтижелері, қол жеткізілген көрсеткіштер мен негізгі жетістіктер туралы жан-жақты ақпарат ұсынылды.

**Шараның мақсаты –** қоғамды жобаның нәтижелерімен таныстыру, жастар мен отбасылар арасында отбасы құндылықтарын нығайту бағытындағы жүйелі жұмыстың тиімділігін көрсету және көпшілікке оң тәжірибені тарату болды.

Онлайн-презентация барысында келесі бағыттар қамтылды:

- Жобаның негізгі мақсаттары мен міндеттерінің орындалуы;
- 2025 жылдың қыркүйек–қазан айларында өткізілген 13 семинар мен 3 дәрістің нәтижелері;
- «Жас отбасы мектебі», «Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ», «Саналы отбасы – берік қоғам» іс-шараларының әлеуметтік әсері;
- Психологиялық және құқықтық көмек бағытында алынған нақты нәтижелер;
- Жоба аясында қалыптасқан серіктестік байланыстар мен болашақ жоспарлар.

Негізгі жетістіктер:

- Отбасылық құндылықтарға деген жастардың көзқарасы айтарлықтай оң өзгерді;
- Психологиялық және құқықтық сауаттылық деңгейі артты;
- 20 отбасы жеке және топтық форматта кәсіби психологиялық көмек алды;

- 620 тұрғын қамтылған «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» акциясы кең қоғамдық резонанс тудырды;
- 10 жоғары және орта оқу орындарымен тұрақты әріптестік орнатылды.

https://www.instagram.com/p/DL47orjoD3P/
https://vm.tiktok.com/ZMAtG8R7C/
https://www.instagram.com/p/DQgbWsnjAhL/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7567667136357879096
https://www.instagram.com/reel/DQqit_ECLOx/
https://www.instagram.com/p/DQd-uEgjV8Z/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7567314696055934219
https://www.instagram.com/p/DQgbICUDESC/
https://www.tiktok.com/@ainalaiyn_qb/video/7567665930692578616
https://www.youtube.com/watch?v=3wIqVZHqr3s
https://www.youtube.com/watch?v=gC4SD_RJ-Kw
https://www.youtube.com/watch?v=WoYtUmyZeGQ
https://www.youtube.com/watch?v=8jx30m9j_aU
https://www.youtube.com/watch?v=p8tVYCSGhdY
https://www.youtube.com/watch?v=FiiBJ-2J-20
https://www.youtube.com/watch?v=4D3ZGmdg-BE
https://www.youtube.com/watch?v=4D3ZGmdg-BE
https://www.youtube.com/watch?v=4P3UuMVKI68
https://www.youtube.com/watch?v=vHUgoOVnoKo
https://www.youtube.com/watch?v=qkOua8uvr3g
https://www.facebook.com/share/v/17MRUTJQCX/?mibextid=wwXIfr

**Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс**

«Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясындағы әлеуметтік жобаның ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары кешенді түрде жүргізілді. Ақпараттық кампанияның негізгі мақсаты – жоба аясындағы іс-шаралар мен нәтижелер туралы қоғамды кеңінен хабардар ету, отбасылық құндылықтарды насихаттау және жастар арасында оң әлеуметтік көзқарас қалыптастыру болды.

Ақпараттық арналар мен жарияланымдар

Жобаның материалдары мен жаңалықтары келесі ақпараттық платформалар арқылы кеңінен таратылды:

- Instagram, Facebook, TikTok, Telegram әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшалар;
- Қаладағы жоғары оқу орындары мен колледждердің ресми Telegram арналары мен сайттары;
- Жастар ұйымдарының және студенттік қауымдастықтардың ақпараттық арналары.

Жобаның ақпараттық қамтуы аясында:

- 50-ден астам жарияланым әлеуметтік желілерде орналастырылды;
- БАҚ-та 4 мақала мен 10 жаңалық жарық көрді;
- Жергілікті телеарналарда және интернет-ресурстарда жобаның негізгі іс-шаралары туралы сюжеттер мен бейнематериалдар көрсетілді;

- 1 тікелей эфирдегі бейнеролик әлеуметтік желіге жүктелді;
- Қатысушылардың пікірлері мен нәтижелері жеке посттар жарияланды.

Ақпараттық өнімдер

- Ақпараттық флаерлер, баннерлер және постерлер дайындалды;
- Пресс-релиздер жергілікті және өңірлік БАҚ-та жарияланды;
- Контент-жоспар және жобалық дайджест әзірленіп, әлеуметтік желілерде тұрақты түрде іске асырылды.

Қамтылу нәтижелері

- Әлеуметтік желілер арқылы жарияланған материалдардың жиынтық қаралымы 10 000-нан астам аудиторияны қамтыды;
- Instagram желісіндегі танымал парақшаларда (аудиториясы 20 000-нан астам жазылушысы бар) жоба туралы кемінде 2 жарияланым жасалды;
- БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы қала тұрғындары мен жастардың кең тобы жоба туралы хабардар болды.

**Жобаның басталуын жариялау**

«Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік грантының ресми іске қосылуы 2025 жылғы 9 шілде күні жарияланды.

Ақпараттық хабарландырулар Instagram, Facebook және TikTok әлеуметтік желілерінде орналастырылды. Жарияланымда жоба мақсаты, бағыттары және жоспарланған іс-шаралар туралы қысқаша ақпарат беріліп, жастар мен қоғам өкілдерін белсенді қатысуға шақыру жүзеге асырылды.

Жобаның басталуы туралы посттар мен бейнематериалдар жалпы 200-ге жуық адам тарапынан қаралды және оң пікірлер мен қолдау білдірулер тіркелді.

Бұл кезең жобаға деген бастапқы қызығушылық пен ақпараттық резонансты арттыруға ықпал етті.

**Салауатты отбасылық қарым-қатынастарды насихаттау бойынша бейнероликтер дайындау (Тапсырыс берушімен алдын ала келісу)**

«Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» мемлекеттік гранты аясында салауатты отбасылық қарым-қатынастарды насихаттауға арналған бейнероликтер дайындалды.

Бейнематериалдар Instagram, Facebook, TikTok және Telegram әлеуметтік желілері арқылы кеңінен таратылды. Бейнероликтердің негізгі мақсаты — балалармен дұрыс қарым-қатынас орнату мәдениетін қалыптастыру, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, және отбасындағы өзара сыйластық пен қолдау құндылықтарын ілгерілету болды.

Бейнероликтердің ұзақтығы 1,5 минуттан аспады, мазмұны көрерменге түсінікті, әсерлі және әлеуметтік бағытта дайындалды. Әр роликте өмірлік шынайы жағдайлар мен психологиялық тұрғыдан оң мінез-құлық үлгілері көрсетілді.

Бейнематериалдар әлеуметтік желілерде жарияланып, жоба аудиториясы арасында үлкен қызығушылық тудырды. Көрермендер пікірлерінде роликтердің тәрбиелік және әлеуметтік маңызын атап өтті.

Бұл жұмыс қоғамда зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыруға және ата-ана мен бала арасындағы жылы, сенімді қатынасты нығайтуға ықпал етті.

**1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:**

«Отбасы құндылықтары: берік неке – жарқын болашақ» әлеуметтік жобасының негізгі мақсаты – жастар мен жас отбасылар арасында отбасылық құндылықтарды дәріптеу, жауапкершілік пен өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және психологиялық тұрақтылықты арттыру болды.

Жоба жоспарланған мақсаттарына толық көлемде қол жеткізді. Тараз қаласы мен оқу орындары базасында өткізілген дәрістер, семинарлар, тренингтер және ақпараттық іс-шаралар нәтижесінде жастардың отбасылық өмірге көзқарасы өзгеріп, психологиялық және құқықтық сауаттылық деңгейі айтарлықтай артты.

Алынған нәтижелер:

- 12 семинар, 3 дәріс, 3 ақпараттық курс және 1 психологиялық кеңес беру бағдарламасы өткізілді;
- Барлығы 500-ден аса адам (жастар, студенттер, жас отбасылар) қамтылды;
- 20 отбасы жеке және топтық форматта психологиялық және құқықтық көмек алды;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» акциясы аясында 620 тұрғын қамтылып, ақпараттық парақшалар таратылды;
- Салауатты отбасылық қарым-қатынасты насихаттайтын бейнероликтер Instagram, Facebook, TikTok және Telegram желілерінде жарияланып, 10 000-нан астам көрілім жинады;
- Жобаның ақпараттық сүйемелдеу нәтижесінде жастар мен қоғам арасында отбасылық мәдениеттің маңызы туралы қоғамдық пікір қалыптасты.

Қорытындылай келе, жоба өзінің әлеуметтік мақсатын орындады: жастардың отбасылық жауапкершілігі мен өзара түсіністікке негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті, қоғамда салауатты отбасы институтының рөлін нығайтты және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу мәдениетін ілгерілетті.

**2) Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):**

**Жобаның мақсаты:** «Саналы отбасы – берік қоғам» жобасының басты мақсаты – жастар арасында отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ата-аналық жауапкершілік пен өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыру, ажырасу мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және саналы, жауапты ұрпақ тәрбиелеу болды.

***Аталған мақсат толық орындалды. Бұл келесі нақты фактілер мен дәлелдер арқылы расталады:***

1. Жалпы қамтылу және тиімділік көрсеткіші:
Жоба аясында барлығы 13 семинар, 3 дәріс, және 1 ақпараттық кездесу өткізіліп, жалпы 600-ден астам адам қамтылды (жоспар – кемінде 500 адам).
Қатысушылардың қанағаттану деңгейі барлық іс-шаралар бойынша орта есеппен 94%-ды құрады.
2. Отбасылық құндылықтарды насихаттау:
«Саналы отбасы – берік қоғам» атты семинарлар топтамасы Тараз қаласының колледждері мен жоғары оқу орындарында өтті.
Іс-шараларда отбасы бірлігін сақтау, ата-аналық жауапкершілік, өзара сыйластық, эмоционалды тұрақтылық және зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыптары талқыланды.
Қатысушылардың 90%-ы іс-шарадан кейін отбасы құндылықтарына көзқарасы оң өзгергенін атап өтті.
3. Психологиялық және құқықтық білімді арттыру:
Тараз қалалық «Отбасын қолдау орталығы» КММ мамандары мен «Жан-Нұр» жастар денсаулық орталығының психологтары мен заңгерлері қатысқан дәрістер мен семинарларда жастар отбасындағы психологиялық қауіпсіздік, қақтығыстарды шешу тәсілдері, неке және ажырасу құқықтық негіздері туралы нақты ақпарат алды.
Қатысушылардың 85%-ы дәрістерден кейін өз құқықтық және психологиялық сауаттылығының артқанын көрсетті.

4. Эмоциялық тұрақтылық пен өзін-өзі тануды дамыту:
«Эмоцияны басқару – ішкі тепе-теңдік бастауы» атты арнайы психологиялық кездесу жастардың эмоцияларын бақылау, күйзеліс пен агрессияны басқару, өзара түсіністік орнату қабілеттерін дамытуға бағытталды.
Қатысушылардың 92%-ы тренингті пайдалы деп бағалады.

5. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және қауіпсіз орта құру:
«Қауіпсіз отбасы – бақытты болашақ» дәрістер топтамасы арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері мен салдары түсіндіріліп, отбасындағы сенім мен құрмет мәдениеті талқыланды.
Барлығы 3 жоғары оқу орнында 139 адам қамтылды, тыңдаушылардың 80%-ы дәріс мазмұнын толық меңгергенін көрсетті.

6. Ақпараттық-түсіндіру және қоғаммен байланыс:
Барлық іс-шаралар туралы ақпараттар Instagram және TikTok әлеуметтік желілерінде жарияланып, жалпы 20-дан астам пост пен бейнежазба таралды.
Жоба туралы материалдар жергілікті БАҚ беттерінде жарияланып, қоғамдық назар мен қолдау тапты.

**3) Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:**

Жоба шеңберінде барлық іс-шаралар толық көлемде жүзеге асырылып, мақсаттар мен міндеттерге жоғары деңгейде қол жеткізілді. 2025 жылдың маусым–қазан айларында өткізілген дәрістер, семинарлар мен тренингтер жастардың отбасылық құндылықтар жөніндегі түсінігін нығайтып, олардың психологиялық және құқықтық сауаттылығын арттырды.

Жоспарланған және алынған нәтижелер толық сәйкес келеді. Барлық негізгі индикаторлар орындалды, кей бағыттарда жоспардан асып түсті (мысалы, 10 оқу семинардың орнына 13 семинар өтті). Сонымен қатар, қаржылық сауаттылық пен психологиялық қолдау тақырыптарында қосымша кездесулер ұйымдастырылды.

Ұйымдастыру барысында тек техникалық сипаттағы аздаған түзетулер болды (іс-шара уақыты мен оқу кестесін бейімдеу). Бұл жоба нәтижесіне әсер еткен жоқ.

Жалпы қатысушылардың 95%-ы іс-шараларды пайдалы деп бағалады, ал 90%-ы отбасы құндылықтарына көзқарасының оң өзгергенін атап өтті.
Жоспардан айтарлықтай ауытқулар тіркелген жоқ, жоба толық әрі тиімді жүзеге асырылды.

**4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):** Жобаға дейін жастар мен жас отбасылар арасында отбасылық қарым-қатынастардағы түсініспеушілік, эмоционалды тұрақсыздық және құқықтық сауатсыздық жиі кездесетін. Психологиялық қолдау мен кәсіби кеңестің жеткіліксіздігі де маңызды мәселе болды.

Жоба аяқталғаннан кейін байқалған негізгі өзгерістер:

- Қатысушылардың психологиялық тұрақтылық деңгейі артты, эмоцияны басқару және кикілжіңді дұрыс шешу дағдылары қалыптасты;
- Жастардың отбасы институтына деген көзқарасы оң бағытта өзгерді, жауапкершілік пен өзара түсіністік қағидаттарын ұстану белсендірілді;

- Психологиялық және құқықтық сауаттылық айтарлықтай артты (іс-шаралардан кейінгі сауалнамада 85%-дан астам қатысушы жаңа білім алғанын растады);
- Қатысушылардың 70%-ы отбасындағы өзара сыйластық пен сенімнің маңызын қайта түсінгенін, 60%-ы психолог пен заңгер кеңестерін тұрмыста қолдана бастағанын көрсетті;
- Қоғамдық деңгейде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу мәдениеті күшейіп, жастар арасында отбасылық қолдау орталықтарына жүгіну тәжірибесі қалыптасты.

**2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:**

**1) гендерлік көрсеткіш:**

| **Жобаға қатысушылардың саны барлығы** | **Ерлер** | **Әйелдер** |
|---|---|---|
| 1709 | 769 | 940 |

**2) санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:**

| **Жобаға қатысушылардың саны барлығы** | **Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)** | **Жастар** | **Мемлекеттік қызметкерлер** | **Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары** | **Мүгедектігі бар тұлғалар** | **Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде** | **Жұмыссыздар** | **Қоғамдық ұйымдардың өкілдері** | **Бизнес-сектор өкілдері** | **Басқа санаттар** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1709 | 0 | 1446 | 10 | 25 | 3 | 69 | 21 | 125 | 10 | 0 |

**3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:**

| **Жобаға қатысушылардың саны барлығы** | **13-16 жас** | **17-22 жас** | **23-27 жас** | **28-32 жас** | **33-45 жас** | **46-58 жас** | **59 жас және одан жоғары** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1709 | 15 | 1417 | 163 | 29 | 16 | 10 | 59 |

**3. Жобаның нәтижелері:**

**1) көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):**

Нысаналы топтардың алған нақты нәтижелері:

●535 қатысушы (жастар мен студенттер) отбасылық құндылықтар мен жауапкершілік мәдениеті бойынша жаңа білім алды;

● 20 отбасы психологиялық және құқықтық көмек алып, жанжалдарды шешудің тиімді жолдарын меңгерді;

● 620 адам тұрмыстық зорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық материалдармен қамтылды;

● Қатысушылардың 80%-ы іс-шаралардың өз өміріне нақты пайдалы болғанын көрсетті.

Сапалық өзгерістер: Жастардың отбасылық қатынастарға көзқарасы өзгеріп, түсіністік пен жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас мәдениеті қалыптасты. Көпшілік өз сезімдерін басқару, ашық әңгімелесу, заңды тұрғыда әрекет ету және маманға жүгіну мәдениетін меңгерді.

**2) жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):**

Жоба Тараз қаласында отбасы институтын нығайту, отбасылық құндылықтарды ілгерілету, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жастар арасында жауапты некелік мінез-құлық қалыптастыру мәселелерін шешуге бағытталған. Ұйымдастырылған семинарлар, ақпараттық іс-шаралар, психологиялық кеңес беру және медиакампаниялар қала тұрғындарының отбасылық мәдениетке деген көзқарасын өзгертіп, отбасының тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне ықпал ететін ұзақ мерзімді оң өзгерістерге негіз қалады.

Жобаның ұзақ мерзімді оң әсерлері

1. **Отбасылық құндылықтардың нығаюы және жауапты ата-ана мәдениетінің қалыптасуы.**
   Колледж және ЖОО студенттері, жас отбасылар мен қала тұрғындары арасында өткізілген семинарлар мен курстар жастардың отбасын құрудағы жауапкершілікті түсінуіне ықпал етеді. Бұл келешекте ажырасу деңгейінің төмендеуіне және ата-ана рөлін саналы қабылдауға әсер етеді.
2. **Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәдениетінің қалыптасуы.**
   «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» парақшаларын тарату, дәрістер өткізу және бейнероликтер әзірлеу тұрғындардың зорлық-зомбылықтың салдары мен алдын алу тетіктері туралы хабардарлығын арттырады. Бұл ұзақ мерзімде қауіпсіз отбасылық орта қалыптастыруға ықпал етеді.
3. **Жас отбасылардың психологиялық тұрақтылығының артуы.**
   20 отбасыға көрсетілетін психологиялық консультациялар эмоционалдық күйзелістің алдын алып, дағдарыстық жағдайларды шешу қабілеттерін күшейтеді. Бұл отбасының сақталуына, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін нығайтуға және балалардың психологиялық қауіпсіздігіне оң әсерін береді.
4. **Жастардың некеге және қарым-қатынасқа саналы көзқарасы қалыптасады.**
   «Жас отбасы мектебі» курсы студенттер мен жас көпшіліктің қарым-қатынас мәдениетін дамытуға, қақтығыссыз коммуникация дағдыларын игеруіне ықпал етеді. Бұл болашақта тұрақты, сау отбасылардың құрылуына әсер етеді.

5. **Қоғамдық ақпараттану деңгейінің артуы.**
   Телеарналар, баспа БАҚ, онлайн мақалалар және Instagram жарияланымдары арқылы жоба мазмұны кең аудиторияға таралып, тұрғындар арасында отбасы мәселелерінің маңыздылығы туралы тұрақты қоғамдық түсінік қалыптасады. Бұл тақырыптың қоғам күн тәртібінде сақталуына және ұзақ мерзімді назарда болуына жағдай жасайды.

**3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:**

Жоба Тараз қаласында отбасы институтын нығайтуға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жастардың жауапты мінез-құлқын қалыптастыруға елеулі әлеуметтік ықпал етті. Іс-шараларға 1700-ден астам тұрғын қатысып, олардың отбасылық құндылықтар, ата-ана жауапкершілігі және қауіпсіз қарым-қатынас туралы түсінігі кеңейді.

Әлеуметтік әсері

- Семинарлар мен курстар жастардың отбасына саналы көзқарасын қалыптастырып, болашақ ажырасу тәуекелін азайтуға негіз жасады.
- Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша дәрістер, парақшалар және бейнероликтер қауіпті жағдайларды ерте анықтау мен көмекке жүгіну мәдениетін күшейтті.
- 20 отбасыға көрсетілген психологиялық кеңес ішкі жанжалдардың алдын алып, балалардың эмоционалдық қауіпсіздігін жақсартты.
- БАҚ-тағы жарияланымдар отбасы мәселелері бойынша қоғамдық ақпараттануды арттырды.

Экономикалық әсері

- Зорлық-зомбылықтың алдын алу дағдарыстардан туындайтын әлеуметтік-экономикалық шығындарды ұзақ мерзімде төмендетеді.
- Жастар мен отбасы мүшелерінің білім алуы өңірдің адами капиталына қосылған инвестиция болып табылады.
- Іс-шараларды ұйымдастыру жергілікті қызмет көрсету секторына қысқа мерзімді экономикалық серпін берді.

Жобаның жүзеге асырылуын растаушы құжаттар келесі сілтемеде:
https://drive.google.com/drive/folders/1Vp7YBgO1sAihwH_4OHQmZN6F2FgpjLJF?usp=share_link

**Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер**

**Грант алушы:** «Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі.

**Басым бағыттың атауы:** Тараз қаласының үкіметтік емес ұйымдарының қызметін ұйымдастыру, дамыту және нығайту

**1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат** (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):

**1-міндет. «Ресурстық мектепті» ашу**

***1-іс-шара. «Ресурстық мектепті» ашу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету.***

Маусым айының 9 –ы күні, Көшек батыр 3, 2 кабинетте "Тараз – азаматтық орталық" өңірлік ресурстық орталығының салтанатты ашылуы болды, іс-шараға 21 адам қатысты, оның ішінде ҮЕҰ-ның басшылары, жеке кәсіпкерлер мен азаматтар болды. Ресурстық мектептің жұмыс кестесі: дүйсенбі-жұма сағат 10:00-13:00, 15:00-18:00. Сенбі, жексенбі демалыс.

https://turaninfo.kz/taraz-azamatty-ortaly-zhobasy-ayasynda-resursty-mektepti-ashyluy-tkizildi/
https://www.instagram.com/p/DKo7lcmNXxg/?img_index=2&igsh=MWdwd2dhcGs3MWE3eQ%3D%3D
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1895419851277371&id=100024281239420&rdid=tWOC1AfyWhuP6S96

***2-іс-шара.«Ресурстық мектеп» базасында: - мемлекеттік әлеуметтік тапсырысқа және гранттық қаржыландыруға өтінімдер дайындау мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйым өкілдеріне құқықтық және консультациялық көмек және т.б. (тіркеу журналын жүргізе отырып), ҮЕҰ-ның қаржылық сауаттылығын жетілдіру; - азаматтық қоғам мен халық өкілдерінен келіп түсетін өзекті мәселелерге қоғамдық мониторинг жүргізу.***

«Ресурстық мектеп» маусым айының 9-ы күні ашылды. ҮЕҰ-дарға және азаматтарға консультациялық, құқықтық кеңес беру жүргізілді. Маусым мен қараша айы аралығында - 108 консультация берілді, оның ішінде 102 ҮЕҰ өкілдері. Сонымен қатар, ресурстық мектеп базасында азаматтық қоғам мен халық өкілдерінен келіп түсетін өзекті мәселелерге Дастан Исламбек Дастанұлы және Намелбек Азамат қоғамдық мониторинг жүргізді.

https://www.facebook.com/jambyl.civil/videos/%D0%BA%D0%B5%D2%A3%D0%B5%D1%81-%D0%B1%D0%B5%D1%80%D1%83/1340848898080115/?rdid=b7oRvNHhj77GRFbE

**2-міндет. "Біздің күшіміз бірлікте" акциясын ұйымдастыру**

***1-іс-шара. Тәжірибелі жаттықтырушыларды тарта отырып, азаматтық бастамаларды, азаматтық өзін-өзі тануды арттыруға, ҮЕҰ-ның халықпен және мемлекеттік сектормен қарым-қатынасын дамытуға, кері байланысты дамытуға бағытталған "Біздің күшіміз бірлікте" тақырыбында жұртшылықпен дәрістер ұйымдастыру.***

2025 жылдың тамыз айының 28-і және қыркүйек айының 25-і күндері «Мөлдір бұлақ» облыстық оқу-сауықтыру орталығында «Біздің күшіміз бірлікте» атты дәрістер ұйымдастырылды. Дәріс тренерлері - «Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» ЗТБ басқарма төрағасы, заң ғылымдарының магистрі Дастан Исламбек Дастанұлы және Жамбыл облыстық «Жайдарман ойындарын ұйымдастыру» жобасының авторы, танымал блогер - Юсуп Еламан Сыдықұлы. Іс-шараларға ҮЕҰ-дар өкілдері, облыстың белсенді жастарынан құралған топтар қатысты. Жалпы екі дәріс ұйымдастырылды, бірінші дәріске 63 қатысушы және екінші дәріске 53 қатысушы атсалысты.

https://www.facebook.com/reel/848429931172295

https://www.facebook.com/jambyl.civil/videos/%D0%B1%D1%96%D0%B7%D0%B4%D1%96%D2%A3-%D0%BA%D2%AF%D1%88%D1%96%D0%BC%D1%96%D0%B7-%D0%B1%D1%96%D1%80%D0%BB%D1%96%D0%BA%D1%82%D0%B5/1582988559334094/?mibextid=wwXIfr&rdid=YVOfEbRR5H23nhkb

***2-іс-шара. Тәжірибелі жаттықтырушыларды тарта отырып, ҮЕҰ қызметінің мониторингі және қоғамдық бақылау саласындағы өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған «Азаматтық қоғам – қозғаушы күш» тақырыбында ҮЕҰ басшыларымен және мемлекеттік сектор өкілдерімен семинар өткізу.***

2025 жылдың шілде айының 30-31 күндері Тараз қаласы Достық үйінде «Азаматтық қоғам – қозғаушы күш» семинарлары ұйымдастырылды. Іс-шараның тренерлері - "Жамбыл облысының КЕҰ Ассоциациясы" заңды тұлғалардың бірлестігінің, "Заң мен заман", "Диабет" Қоғамы" қоғамдық бірлестіктерінің және "№ 40 гимназияның қамқорлық қоры" қоғамдық қорының басшысы, трансформациялық бизнес-тренер - Заурбекова Айнұр Орынтайқызы және «Жамбыл облысы Азаматтық Альянсы» ЗТБ басқарма төрағасы, заң ғылымдарының магистрі Дастан Исламбек Дастанұлы болды. Жалпы екі дәріс ұйымдастырылды, оларға ҮЕҰ-дар өкілдері -30, мемлекеттік сектор өкілдері-33, жалпы 63 адам қатысты. Іс-шарада пре/пост сауалнама алынды. Қанағаттану деңгейі 80-100% пайыз аралығын қамтыды.

https://www.instagram.com/p/DMrpwPktB3L/?img_index=1
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1936123300540359&id=100024281239420&rdid=kXqKS3H4x8D530gW
https://www.facebook.com/jambyl.civil/videos/1480712410015342/?rdid=q3HkEqOhW4L05SiB
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1098818585678289&id=100066504741018&rdid=X3eSVGipIFg77jTx
https://www.instagram.com/reel/DMzw1zhN7rx/
https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1096966375863510&id=100066504741018&rdid=15eZj2vtHvpPHjVO
https://www.instagram.com/p/DMxMbuDtE2a/

**3-міндет. "2025 жылғы белсенді ҮЕҰ" конкурсын ұйымдастыру және өткізу**

**1-іс-шара. "2025 жылғы белсенді ҮЕҰ" конкурсын ұйымдастыру және өткізу (әзірленген Ереже негізінде)**

«Тараз - азаматтық орталық" жобасы аясында "2025 жылғы белсенді ҮЕҰ" конкурсы ұйымдастырылды, конкурс ережесі Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімімен келісілді. Конкурс туралы хабарландыру Facebook желісіне жарияланды. Конкурс жабық форматта өтті, 7

ұйым өтінім жіберді. Конкурстық комиссия мүшелері ретінде “Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы” ЗТБ президенті - Е.Әбдиев, “Ақ сұңқар” жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы - Ә.Қуанышев, Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы - Ғ.Әбдісаттар таңдалды.

https://www.facebook.com/jambyl.civil/videos/%D2%AF%D0%B7%D0%B4%D1%96%D0%BA-%D1%82%D0%B0%D1%80%D0%B0%D0%B7%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B-%D2%AF%D0%B5%D2%B1/1691029908267648/?rdid=QkPuWAVs2Hh5rDil

**4-міндет. Нысаналы индикаторларға қол жеткізу бойынша ақпарат**

**1-іс-шара. Жоба шеңберінде қаланың үкіметтік емес ұйым қамту**

Жоба шеңберінде мамыр мен қараша айы аралығында жалпы Тараз қаласында тіркелген 107 ұйым атсалысты.

**2-іс-шара. Қатысушылардың қанағаттану деңгейі (сауалнамалар арқылы бағалау)**

Жоба барысында мамыр және қараша айлары аралығында саулнама алынды, қатысушылардың жобаға жалпы қанағаттану дәрежесі 80-100% аралығын қамтыды.

**Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы**

**Іс-шара: Жоба нәтижесі бойынша онлайн презентация ұйымдастыру.** Жобаның қорытынды презентациясы сәтті өтті.

**Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.**

Жобаны жүзеге асыру барысында әр іс-шара әлеуметтік желілерде кемінде бір жарияланыммен қамтылды. Ай сайынғы контент жоспар жобаның тұрақты ақпараттық жұмысына негіз болды, нәтижесінде жобаның ақпараттық қамтуы кемінде 10 000 қаралымға жетті. Жобаның барысы бойынша дайджест ұсынылып, тұрақты түрде азаматтық қоғам саласындағы жаңалықтар мен жетістіктер, ҮЕҰ қызметі, қоғамдық ұйымдардың көшбасшылары туралы ақпарат әлеуметтік желілерде жарияланды. Сонымен қатар, «Ресурстық мектеп» аясында өткізілген іс-шаралар кезінде бейнероликтер түсіріліп, олар әлеуметтік желілерде таратылды; бейнероликтерде ҮЕҰ өкілдерімен, жұртшылықпен және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан мемлекеттік қызметшілермен өткізілген жекелеген іс-шаралар көрсетілді.

1) **Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу және алынған нәтижелері:** «Тараз – азаматтық орталық» жобасы аясында көзделген мақсаттар толық орындалды. Ресурстық мектеп ашылып, маусым–қараша айлары аралығында тұрақты жұмыс істеді, 102 ҮЕҰ өкіліне 108 консультация берілді. «Біздің күшіміз бірлікте» дәрістері мен «Азаматтық қоғам – қозғаушы күш» семинарларына жалпы 279 адам қатысты, қанағаттану деңгейі 80–100% аралығын қамтыды. «2025 жылғы белсенді ҮЕҰ» конкурсына 7 ұйым қатысып, үздік ҮЕҰ анықталды. Барлығы 107 ұйым қамтылып, жоба мақсаттары мен индикаторларына толық қол жеткізілді.

2) **Мақсатқа қол жеткізу (фактілерді сипаттау және мақсатқа қол жеткізу туралы дәлелдерді көрсету):** “Тараз – азаматтық орталық” жобасы аясында көзделген мақсаттар мен міндеттер толық көлемде орындалды. Жобаның негізгі мақсаты – азаматтық бастамаларды

дамыту, ҮЕҰ қызметін қолдау және қоғам мен мемлекеттік сектор арасындағы серіктестік мәдениетін нығайту – нақты нәтижелер арқылы жүзеге асты. Жобаның шеңберінде қала аумағындағы 107 ұйым қамтылып, олардың қатысу белсенділігі жоғары деңгейде болды. Қатысушылардың қанағаттану деңгейі 80-100% аралығын құрады, бұл жобаның тиімділігі мен өзектілігін көрсетеді. "Ресурстық мектеп" ашылып, мамыр–қараша айлары аралығында тұрақты түрде жұмыс істеді. Оның базасында 102 ҮЕҰ өкіліне 108 құқықтық және консультациялық көмек көрсетілді. Бұл көрсеткіштер азаматтық сектордың әлеуетін арттыру және гранттық өтінімдер дайындау сапасын жақсартуға нақты үлес қосты. Жоба барысында "Біздің күшіміз бірлікте" тақырыбында екі дәріс (28.08.2025 ж. және 25.09.2025 ж.) және "Азаматтық қоғам – қозғаушы күш" тақырыбында екі семинар өткізілді. Аталған іс-шараларға тәжірибелі жаттықтырушылар тартылып, ҮЕҰ мен мемлекеттік сектор өкілдерінің өзара іс-қимылы мен қоғамдық бақылау мәдениетін дамытуға мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар, "2025 жылғы белсенді ҮЕҰ" қалалық конкурсы өткізіліп, үздік ұйымдар анықталды. Конкурс азаматтық белсенділікті арттыруға және ҮЕҰ арасында ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етті. "Ресурстық мектеп" қызметінің аясында 4 бейнеролик түсіріліп, Тараз қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан ҮЕҰ өкілдерінің жетістіктері көрсетілді. Бұған қоса, 10 ақпараттық жарияланым әлеуметтік желілерде және *turaninfo.kz* сайтында жарық көріп, азаматтық қоғам саласындағы өзекті мәселелер мен табысты тәжірибелер кеңінен насихатталды. Осылайша, жобаның барлық жоспарланған іс-шаралары толық жүзеге асырылып, азаматтық қоғам институттарының әлеуетін арттыру және ҮЕҰ мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара сенімді серіктестік қатынастарды дамыту бойынша мақсаттарға толық қол жеткізілді.

3) **Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі; егер жоспардан ауытқу орын алса, оның негіздемесі:** Жоспардан ауытқу жоқ.

4) **Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін және/немесе іске асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жобаға дейінгі ахуалды және жоба аяқталған кездегі ахуалды салыстыру, жоба шеңберінде проблемаларды мен міндеттерді шешу дәрежесі):** Жоба басталғанға дейін Тараз қаласындағы жастар мен ҮЕҰ өкілдерінің азаматтық белсенділігі төмен, құқықтық, әлеуметтік және қаржылық сауаттылығы жеткіліксіз болды. Жобаның жүзеге асырылуынан кейін олардың азаматтық бастамаларға қатысуы артты, қоғамдық бақылау мен ҮЕҰ мен мемлекеттік сектор арасындағы өзара іс-қимыл күшейді. Сонымен қатар, қатысушылардың құқықтық, әлеуметтік және қаржылық сауаттылығы жоғарылап, қоғамға деген сенім мен жауапкершілігі нығая түсті.

**2. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:**

1) **гендерлік көрсеткіш:**

| **Жобаға қатысушылардың саны барлығы** | **Ерлер** | **Әйелдер** |
|---|---|---|
| 279 | 160 | 119 |

2) **санаттар бойынша әлеуметтік мәртебесі:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметкерлер | Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары | Мүгедектігі бар тұлғалар | Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 279 | - | 4 | 58 | - | 4 | 4 | - | 209 | - | - |

**3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және одан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 279 | 10 | 70 | 25 | 64 | 100 | 10 | 0 |

**3. Жобаның нәтижелері:**

**1) көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):** Жоба барысында 107 ұйымның өкілдері қатысып, 102 ҮЕҰ-ға құқықтық және консультациялық көмек көрсетілді (жалпы 108 консультация). Қатысушылардың 80–100% жобадан қанағаттанғанын білдірді, ал 90%-дан астамы азаматтық және отбасылық құндылықтарға қатысты өз көзқарасының оң өзгергенін атап өтті. Жастар мен ҮЕҰ өкілдерінің әлеуметтік және құқықтық сауаттылығы артты, өзара әрекеттестік күшейіп, қоғамдық бастамаларға қатысуға деген белсенділігі жоғарылады.

2) **жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):**

Жоба ҮЕҰ-ның кәсіби әлеуетінің төмендігі, мемлекеттік сектор мен азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі және ақпараттың қолжетімділігінің шектеулігі мәселелерін шешуге бағытталды. «Ресурстық мектептің» ашылуы мен тұрақты консультациялық қолдау көрсету нәтижесінде ҮЕҰ-лардың институционалдық мүмкіндіктері күшейіп, олардың жобалық және қаржылық басқару деңгейі артты.

Ұзақ мерзімді оң әсерлері:

- **ҮЕҰ әлеуетінің артуы:** өңірдегі ұйымдар сапалы жобалар әзірлеп, мемлекеттік және донорлық қаржыландыруға тиімді қатыса алады.
- **Азаматтық қоғамның белсенділігі күшейеді:** оқытылған ұйымдар қоғамдық мониторинг, қоғамдық бақылау және азаматтық бастамаларды ілгерілету саласында тұрақты жұмыс жүргізе алады.
- **Мемлекеттік сектор мен ҮЕҰ арасындағы әріптестік нығаяды:** семинарлар екі тараптың өзара түсіністігін күшейтіп, ашықтықты арттырады.
- **Ақпараттық ашықтық өседі:** әлеуметтік желілердегі жүйелі ақпараттық жұмыс азаматтардың ҮЕҰ-ға деген сенімін арттырады.

### 3) Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:

Жоба қаланың азаматтық секторын нығайтуға және ҮЕҰ-ның кәсіби деңгейін арттыруға бағытталып, өңірдің әлеуметтік және институционалдық дамуына оң ықпал етті. **100-ден астам ҮЕҰ-ның** қамтылуы жергілікті ұйымдардың жобалық, құқықтық және қаржылық сауаттылығын көтеріп, азаматтық белсенділіктің артуына мүмкіндік берді.

Әлеуметтік әсері:

- ҮЕҰ басшылары мен қызметкерлерінің біліктілігі артты, бұл олардың қоғаммен және мемлекеттік секторымен тиімді коммуникация жүргізу қабілетін күшейтті.
- Қоғамдық мониторинг пен ашықтық мәдениеті нығайды, тұрғындардың азаматтық бастамаларға қатысу деңгейі өсті.
- Әлеуметтік желілердегі ақпараттық жұмыс қоғамда азаматтық қоғам қызметі туралы түсінікті жақсартты.

Экономикалық әсері:

- ҮЕҰ-ның жобаларды сапалы әзірлеу дағдылары артып, мемлекеттік және донорлық қаржыландыруды тарту мүмкіндігі кеңейді.
- Консультациялар, семинарлар, бейнероликтер мен ақпараттық материалдар жергілікті қызмет көрсету саласының (оқыту, медиа, техникалық қызметтер) белсенділігін арттырды.
- Институционалдық әлеуеті күшейген ҮЕҰ болашақта әлеуметтік қызметтер көрсету арқылы жергілікті экономиканың дамуына үлес қоса алады.

Жобаның жүзеге асырылуын растаушы құжаттар келесі сілтемеде:
https://drive.google.com/drive/folders/1K0YfE_W7RCQ_EsuVuF2gjqSJwZrEj2FJ?usp=sharing